Берілген жіктеуден келесідей қорытынды жасауға болады, тәуекелдің әсер ету деңгейін шектеу, қосымша ақпараттар алу, танымалы емес делдалдардан бас тарту, әртараптандыру, жаңа нарықтарды жаулап алу, ұзақ мерзімді келісімшарттар жасау, жүкті тасымалдау туралы келісімшарттар жасау т.б.

Тәуекелдің келесі кезеңі әрбір кезеңде қатысатын бақылау үрдісі. Бақылаудың негізгі міндеті жоспарланған нәтижелерден ауытқуларды анықтау, т.б. әдістерін тиімді қолдануды бағалау болып табылады [6]. Бұл жүйедегі байланыстырушы звено келесідей ақпараттар ағынын жинақтау және өңдеу арқылы ақпараттар базасын құрастырушы тәуекелді басқарудың ақпараттар орталығы болып табылады: шешімдерді өңдеу үрдісінде алынған ақпараттар, қабылданған шешімдерді немесе таңдалған стратегияны жүзеге асыру барысында алынған ақпараттар, тәуекелді талдау және бағалау барысында алынған ақпараттар, тәуекелді басқару әдістерін жүзеге асыру алынған ақпараттар және т.б.

Тәуекелді басқару үрдісінде ақпараттар базасын құру блогы маңызды мәнге ие,

себебі бұл үрдістің негізгі кезеңі қолда бар ақпараттарға негізделеді. Сондай-ақ, бұл блокта қабылданатын шешімдер мен оларды іске асыру нәтижелері бойынша мәліметтер базасын құру қажет.

Ауыл шаруашылық кәсіпорындарындағы тәуекел менеджменті басқарудың тактикасы мен стратегиясында қамтиды. Біздің ойымызша ауыл шаруашылық кәсіпорындарында тәуекелді стратегиялық басқару алға қойған мақсаттарға жету үшін тәуекелдің негізгі түрлеріне қатысты бағыттарды таңдау бойынша басқарушылық шешімдер болып табылады. Тәжірибеде барлық ірі ауыл шаруашылық кәсіпорындар әртараптандырылғанын айтып өту керек. Олар бірнеше қызметтік бағыттарға ие:

- өсімдік шаруашылығындағы тәуекелді басқару секторы;
- мал шаруашылығындағы тәуекелді басқару секторы;
- қайта өңдеу өндірісінде тәуекелді басқару секторы;
- тәуекел мониторингі мен бағалау топтары;
- тәуекелді басқару әдістерін өңдеу және іске асыру топтары;
- дағдарыс жағдайында басқару топтары;
- тәуекелмен байланысты ақпараттар қоры.

Қазақстандағы ауыл шаруашылығының басым бағыттары – ет және сүт өнеркәсібінің дамуы болып табылады [7]. Сондықтан да біз құс шаруашылығындағы тәуекелді қарастырудамыз. Тәуекелді басқару қызметі блоктарының ауыл шаруашылық кәсіпорындарындағы басқа ішкі жүйелермен байланысын келесі суреттен көруге болады (2 сурет).

Сондай-ақ, айтып өту керек, суретте көрсетілген ауыл шаруашылық кәсіпорындарының әрбір қызметтік бағыттарында өсімдік шаруашылығында, мал шаруашылығында және қайта өңдеу өндірісінде мамандандыруға сәйкес келетін шаруашылықтың тар аймақтарын бөліп көрсетуге болады. Мұндай бөлістіру бір бағытпен айналысатын, бірақ жеткілікті ерекше сипатқа ие моношаруашылықтарға тән (мысалға, дөңді дақылдарды және жемістерді өсіру).

Әрине, мұндай бөлістіру кәсіпорын басшылығының қалауымен жүзеге асырылуы қажет.

дәлелдейді. Сондай-ақ, аймақтық-экономикалық, табиғи және тұтынушылық тәуекелдерді қарастыру барысында ақпараттың жеткіліксіз екендігін айтып өту керек. Сапалы ақпараттарды қолданған жағдайда бұл тәуекел түрлері жоғары тәуекелді саладан, орта тәуекелді салаға өтуі мүмкін.

Шешім тәуекелін жалпы бағалау 0,51 құрайды, бұл ұсынылып отырған тәуекел градациясы шкаласында «жоғары» көрсеткішке сәйкес. Кәсіпорынның қаржылық-шаруашылық қызметіне кері әсер етуші шектеулі факторлардың бар екендігін көруге болады. Теріс салдарының болу мүмкіндігін тәуекелді басқару әдістерін қолдану арқылы бөлшекті талдау негізінде төмендетіп және жоюға болады.

Шешім қабылдаудағы ақпарат сапасын жалпы бағалау 0,66 бұл тәуекел градациясы шкаласында «орташа» көрсеткішін құрайды. Шешім қабылдауда кәсіпорын басшылығының сапалы ақпараттар қолданғанын және жауапкершілікпен қарағанын айтуға болады.

Ауыл шаруашылық кәсіпорынның қаржылық-шаруашылық қызметіндегі тәуекелді бағалауда қорытынды және жауапкершілігі жоғары кезең шешім қабылдау. Тәртіптік стратегияны өңдеуде және нақты шешім қабылдауда қаржылық-шаруашылық қызметте күтілетін шығындарға байланысты тәуекел аймағын бөліп қарастыру керек.

Сонымен, жаңа жабдықтар сатып алу туралы шешім қабылдауда жалпы тәуекел «жоғары/орта» деп анықталады.

Тұжырымдар. Ауыл шаруашылық Саласының ерекшеліктерін зерттеу тәуекелдің келесідей түрлерін бөліп көрсетуге мүмкіндік берді: табиғи, экологиялық, саяси, кәсіпорын қызметімен байланысты – нарықтық, өндірістік, қаржылық, кәсіпорынды басқару тәуекелі. Сондай-ақ, ауыл шаруашылық кәсіпорындарда мамандануына байланысты да тәуекел түрлері бар: ауа райының өзгеруіне, өсімдік ауруларына т.б. Ауыл шаруашылық кәсіпорындарының дамуын талдау агроөнеркәсіп саласындағы тәуекелдің жалпы ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік берді. Ауыл шаруашылық саласы өндіріс ерекшелігімен және шаруашылық тетіктерімен анықталады. Сонымен, қорыта келе кәсіпкерлік қызметтегі жоғары деңгейлі тәуекелдің болуы жалпы ауыл шаруашылық үшін де, сондай-ақ құс шаруашылығы үшін де тән. Бұл жағдай ауыл шаруашылық өнім өндірушінің қызметінің өндірістік және қаржылық нәтижесі тек қана сапалық және сандық еңбек пен емес, сондай-ақ жоғары деңгейлі тәуекелмен

байланысты ауыл шаруашылық өндірісінің объективті жағдайларымен де байланысты Ауыл шаруашылық кәсіпорындарын басқару тәжірибесінде ұсынылған шараларды енгізу бәсекелестік нарықтың даму жағдайына тәуекелді басқару жүйесін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Ж.Е. Абилгазиева, М.Е.Сабырова, Ж.К.Туребаева. ҚР ауыл шаруашылығы саласын мемлекеттік реттеу тетіктері // Аграрлық нарық проблемалары. - 2015.- №4. - 39б.
- 2 Bernstein, Peter L. Against The Gods: The Remarkable Story of Risk. - New York: John Wiley & Sons, 2002.-117p.
- 3 Хохлов Н.В. Управление риском: учебное пособие для вузов. - М.: ЮНИТИ-ДАНА, 2001. -139с.
- 4 Догиль Л.Ф.Управление хозяйственным риском: учебное пособие.- Минск, 2005.-58с.
- 5 Пикфорд Джеймс. Управление рисками. - М., 2004.- С.92-96.
- 6 Keynes M.J. Treatise on Probability [Электронды дерек көз]. - 1921: New York.- URL: <http://www.gutenberg.org/files/32625/32625-pdf.pdf> (анықтама мерзімі 12.03.2013).
- 7 Г.А. Калиев, Г.У.Акимбекова. Приоритетные направления развития переработки сельскохозяйственной продукции в РК // Проблемы агрорынка. -2015.- №1. -С. 8-9.
- 8 Н.Ә. Назарбаев. «Қазақстан жолы-2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына Жолдауы [Электронды дерек көз].- 2017.- URL: <http://www.akorda.kz> (анықтама мерзімі 17.01.2014).

Әдебиеттер тізімі

- 1 Zh.E.Abilgazieva, M.E.Sabyrova, Zh.K. Turebaeva. ҚР ауыл шаруашылығы саласын мемлекеттік реттеу тетіктері // Аграрлық нарық проблемалары. -2015.- №4. - 39б.
- 2 Bernstein, Peter L. Against The Gods: The Remarkable Story of Risk. - New York: John Wiley & Sons, 2002.-117p.
- 3 Hohlov N.V. Upravlenie riskom: uchebnoe posobie dlja vuzov. - М.: JuNITI-ДАНА, 2001. – 139с.
- 4 Dogil' L.F.Upravlenie hozjajstvennym riskom: uchebnoe posobie.- Minsk, 2005.-58с.
- 5 Pikford Dzhejms. Upravlenie riskami. -М., 2004.- С.92-96.
- 6 Keynes M.J. Treatise on Probability [Электронды дерек көз]. -1921:New York.- URL: <http://www.gutenberg.org/files/32625/32625-pdf.pdf> (анықтама мерзімі 12.03.2013).
- 7 G.A.Kaliev, G.U.Akimbekova. Prioritetnye napravlenija razvitija pererabotki sel'skohozjajstvennoj produkcii v RK // Problemy agrorynka. -2015.- №1. -С. 8-9.

8 N.Ə.Nazarbaev. «Қазақстан zholy-2050: Bir мақсат, bir mydde, bir bolashaқ» atty Қазақстан halkyna Zholdaуy [Jelektrondy derek

kөz].- 2017.- URL: <http://www.akorda.kz> (anyқ-tama merzimi 17.01.2014).

ӨОЖ 332.3

**ҚАЗАҚСТАННЫҢ АУЫЛШАРУАШЫЛЫҒЫ САЛАЛАРЫН ДАМУ
МӘСЕЛЕЛЕРІ**

ПРОБЛЕМЫ РАЗВИТИЯ СЕЛЬСКОХОЗЯЙСТВЕННОЙ ОТРАСЛИ КАЗАХСТАНА

ISSUES OF AGRICULTURAL SECTOR DEVELOPMENT IN KAZAKHSTAN

Б. БЕКБЕНБЕТОВА

Э.Ф.К.

Ж.Б. РАХМЕТУЛИНА

Э.Ф.К.

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Б. БЕКБЕНБЕТОВА

К.Э.Н.

Ж.Б. РАХМЕТУЛИНА

К.Э.Н.

Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева

B. BEKBENBETOVA

C.E.sc.


ZH.B. RAKHMETULINA

C.E.sc.

L.N. Gumilyov Eurasian National University

Аңдатпа. Республиканың ауыл шаруашылық өндірісі халық шаруашылығының маңызды саласы ретінде қарастырылады. Ішкі және сыртқы нарықтардағы өнімдерге сұраныс талданады. Өнімнің негізгі түрлерінің көлеміне оның ішінде: өңірлер бойынша талдау жасалған. ЖІӨ құрылымында бірқатар жылдардағы ауыл шаруашылығының үлесі анықталған. Өсімдік шаруашылығы өнімдерінің өндірісін мал шаруашылығы өнімдерімен салыстырғанда әжептәуір өсімі мен оның себептері анықталды. Ауыл шаруашылық өндірісінің төменгі деңгейінің мәселелері халықтың шаруашылықтарға шоғырлануына байланысты анықталған: ескі техника және технологиялар, ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің біліктілігі төмендігі; қаржы ресурстарының жоқтығы. Ауыл шаруашылығы тауар өндірушілердің қаржылық мәселелерін шешуде мемлекеттік қолдаудың қажеттілігі негізделген. Ауыл шаруашылығындағы өнімділіктің төмен болуына байланысты, саланың ауқымды дамуына әкелуі мүмкін бірқатар ұсынымдар берілді, соның қатарында: жер ресурстарын ұтымды пайдалану, олардың жағдайы мен өнімділігін жақсарту; жер пайдаланушылардың қызметін жетілдіру; делдал кәсіпорындардың ауылшаруашылық тауар өндірушілерінің алдындағы жауапкершілігін арттыру, соның нәтижесінде ауыл шаруашылығы өндірісіндегі логистикалық кешендерді қалыптастыруға ықпал ететін болады.

Аграрная политика: механизм реализации



Ескерту: автормен [7] деректер негізінде жасалған

1 сурет – Ауыл шаруашылығының жалпы өнім көлемі, млн.тг

Өсімдік шаруашылығында көрсетіліп жатқан мемлекеттік қолдау мен өткен жылғы қолайлы ауа райы жағдайлары жалпы астық жиналымының 2015 жылмен салыстырғанда 2,0 млн. тоннаға немесе 10%-ға, майлы дақылдардың 23%-ға, көкөніс-бақша дақылдарының 6%-ға, қант қызылшасының 2 есеге, жеміс-жидек дақылдары мен жүзімнің 19%-ға артуына ықпал етті. Бұл ретте өндіріс көлемінің өсімін соңғы 10 жылда алғаш рет барлық облыстар қамтамасыз етіп отыр.

Елдегі жалпы өнімнің шамамен 50% бес өңірде: Алматы (16,1%) мен Астана (7,9%), сондай-ақ Атырау (12,3%), Қарағанды (9,7%) және Маңғыстауға (8,1%) тиесілі. Республиканың жалпы ішкі өнімнің жартысынан төмені 11 өңірдің арасында бөлінген, олардың үлес салмағы елдегі жалпы өнімнің көлемінен орта есеппен 2%-дан 6%-н құрайды.

2016 ж. ауыл шаруашылығы өнімдері өндірісінің өсуі республиканың 14 өңірінде орын алды, Маңғыстау облысында осы сала көрсеткіші алғаш рет 3,7%-ға өскенін көріп отырмыз. Саланың елеулі өсуі Батыс Қазақстанда (17,8%), Ақмола (8,9%), Ақтөбе (8,9%), Қарағанды (8,8%) және Жамбыл (8,0%-ға) облыстарында байқалады.

Төменде Қазақстан өңірлері бойынша ауыл шаруашылығы өндірісінің өнім шы-

ғарылымының (көрсетілетін қызметтерінің) құрылымдық (өсімдік және мал шаруашылығы бағыттары) көрсеткіштері берілген (1 кесте).

Кестедегі көрсеткіштер бойынша ауыл шаруашылығы өнімдерінің көбі Алматы (16,2%), Оңтүстік Қазақстан (13,0%), Шығыс Қазақстан (11,3%), Солтүстік Қазақстан (11,2%), Ақмола (9,5%), Қостанай (8,7%) облыстарында өндірілетінін білдіреді. Осы аталған өңірлерден кейін: Жамбыл (6,3%), Қарағанды (4,7%), Ақтөбе (5%), Павлодар (4,7%), Батыс Қазақстан (3,6%) Қызылорда (2,2%), Атырау (1,7%) облыстарында орын алған.

Осы орайда, өсімдік шаруашылығы – ауыл шаруашылығының негізін қалаушы десек артық болмайды. Бұл салада жаздық бидайдың үлесі биік, ол тек еліміздің ішкі нарығында ғана емес, сонымен қатар сыртқы нарықта да үлкен сұраныс тапқан. Сонымен қатар, күріш, қарақұмық, арпа, сұлы, тары және жүгері сияқты дақылдарда жақсы таралуда. Біршама алқаптар қант қызылшасы және майлы дақылдар (күнбағыс, рапс) өндірістеріне бөлінген. Тоқыма өнеркәсібі үшін өсірілетін мақта мен зығыр және бар. Ал Оңтүстік Қазақстанның табиғаты картоп, алма, қауын, жүзім және басқа өсімдіктерді өсіруге өте қолайлы.

Аграрная политика: механизм реализации



2 кесте – Ауыл шаруашылығы өнімдерінің, көрсетілетін қызметтерінің жалпы шығарылымының құрылымдық көрсеткіштері, 2011-2016 жж.

Аталуы	2011	2012	2013	2014	2015	2016
Ауыл шаруашылығы өнімдерінің жалпы шығарылымы, млрд.тг, оның ішінде:	2286,0	2393,6	2949,5	3143,7	3307,0	3684,4
1.Өсімдік шаруашылығы млрд. тг	1337,2	1241,5	1683,9	1739,4	1825,2	2047,6
Үлесі,%	58,6	51,9	57,1	55,4	55,2	55,6
2. Мал шаруашылығы млрд. тг	942,4	1145,4	1256,9	1393,8	1469,9	1621,5
Үлесі,%	41,2	47,8	42,6	44,3	44,4	44,0
3.Ауыл шаруашылығы саласындағы қосалқы қызмет, млрд. тг	6,4	6,7	8,8	10,5	11,9	15,3
Үлесі,%	0,2	0,3	0,3	0,3	0,4	0,4
Ескерту: автормен [қараңыз 7] деректер негізінде жасалған						

Мал шаруашылығы өнімінің үлкен үлесі халықтың жеке қосалқы шаруашылықтарында өндіріледі, бұл жағдай төмен өнімділікке (бәсекеге қабілеттілігінің төмендеуіне), жоғары өзіндік құнына және импортқа тәуелділіктің қалыптасуына әкеледі, сонымен қатар, ішкі нарықтағы өсіп келе жатқан қажеттілікті қамтамасыз етуге мүмкіндік бермейді. Осылайша, барлық ет түрлерін өндірушілердің негізі әлі күнге дейін халықтық шаруашылықтар болып табылады, оларда 2015 жылғы деректер бойынша 76,7% ірі қара мал басы, 67% қой мен ешкі, 72,5% шошқа, 62,7% жылқы және 40,9% құс ұсталуда [қараңыз 7].

Алайда, мал шаруашылығы өнімділігінің көрсеткіштері халықаралық көрсеткіштерден бірнеше есе төмен. Қазақстанда мал шаруашылығының әлсіз өнімділігінің негізгі себептері асыл тұқымды мал басының төмен үлесі (мысалы, етті бағыттағы малдың үлесі – 2,5%-дан артық емес), сапалы жемшөптердің тапшылығы, күтіп-бағудың сәйкес емес шарттары болып табылады. Мал басының үлкен бөлігі тұрғындар шаруашылықтарында шоғырлануымен байланысты, мал шаруашылығы саласында - малдардың төмен генетикалық әлеуеті және осымен байланысты төмен өнімділік, өнімділікті және өнімдердің сапасын қамтамасыз ететін күтіп-бағудың, азықтандырудың қазіргі заманғы технологияларының жоқ болуы және малдардың дұрыс өсіп-жетілуіне жеткіліксіз қарау секілді сипаттамалар тән. Бұдан басқа малдарды суаруға арналған су көздерінің қолжетімсіз болуына байланысты табиғи жайылымдардың әлеуеті толық пайдаланылмайды [8].


2016 жылы елдің жалпы ішкі өнімінің көлеміндегі ауыл шаруашылығы өнімінің үлесі 4,6%-ды құрады, ауыл шаруашылығында жұмыс істейтіндердің еңбек өнімділігі 2010 жылдан бастап 2016 жылдар аралығындағы кезеңде жылына 9,3% орташа жылдық өсу қарқынымен бір жұмыс істейтін адамға 304,2 мың теңгеден 498 мың теңгеге дейін өзгерді, ауылды жерлерде шамамен 7,48 млн. адам тұрады.

Кез келген саланың дамуының басты көрсеткіші – ол жалпы ішкі өнімдегі алатын үлесі және өндірген өнімдерінің көлемі. 2005-2016 жылдар аралығында жалпы ішкі өнімдегі ауыл шаруашылығы өнімдерінің үлес салмағы көп өзгеріске ұшыраған жоқ (2 сурет).

Ауыл шаруашылығы саласы Республиканың жалпы ішкі өнімдегі үлесінің динамикасы соңғы он жыл ішінде орта есеппен 5,2% құрады. Айта кететін жағдай, 1990 жылдары жалпы ішкі өнімдегі ауыл шаруашылығының үлесі 34% көлемінде қалыптасып, сол кездегі материалдық өндіріс салалары арасындағы ең жоғарғы көрсеткішті иеленген.

Сол жылдары ауыл шаруашылығының ең дамыған бағыттарының алды астық өндірісі және мал шаруашылығының ет өнімдері болатын. Ал аталған жылдары жалпы халық санының 49,7% ауыл тұрғындарының үлесінде болса, қазіргі уақытта республика тұрғындарының 43,3% ауылдық жерлерде тұрады. Алайда, бүгінгі жағдайда ауыл шаруашылығы өндірісінің үлесі ішкі өнімде азайды. 2016 жылы бұл көрсеткіш 4,6% құрап, алдыңғы жылдармен салыстырғанда біршама өзгерген.





Ескерту: автормен [7] деректер негізінде жасалған

2 сурет – Ауыл шаруашылығы өндірісінің жалпы ішкі өнімдегі үлесі, %

Жалпы әлемдік кескінде қарастыратын болсақ Қазақстан экономикасында ауыл шаруашылығының үлесі қалыпты деңгейде. Әлем бойынша бұл көрсеткіш 5,7% құрайды. Әлемдік елдерді талдау барысында, қандай да бір мемлекеттің даму деңгейі неғұрлым жоғары болған сайын, оның жалпы ішкі өнімдегі ауыл шаруашылығының үлесі төмен болатын тенденция байқалады.

Дегенмен, бұл сектордың әлі де болса бірқатар әлсіз жақтары бар және даму барысы да тұрақтанбаған: яғни, басқа елдермен немесе экономиканың басқа секторларымен салыстырғанда өнімділігінің төмен болуы, әлеуетті экспорттық нарықтардан айтарлықтай қашықта орналасуымен байланысты нарықтық қиындықтардың орын алуы, теңге курсының жоғары (тұрақсыз) болуы (атап айтқанда, теңгенің АҚШ долларына қатынасы бойынша) экспортталатын ауыл шаруашылығы өнімдерінің және импортталатын азық-түлік тауарларының бәсекеге қабілеттілігінің төмендеуі, ауыл шаруашылығындағы егістік материалдарының, тыңайтқыштар, пестицидтер, ауыл шаруашылығы техникасы сияқты өндіріс құралдарының және ветеринарлық қызметтің жетіспеушілігі, сонымен қатар ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеу және қайта өңдеу өндірісінде жабдықтардың ескіргені. Ауыл шаруашылығында өндіріс өнімділігінің төмен болуы әрине елеулі мәселелердің бірі, өйткені бұл жағдай ауыл шаруашылығы өндірісінің экстенсивті сипатта дамуына жол беруі мүмкін [қараңыз 8].

Осы орайда, агроөнеркәсіптік кешендегі өндіріс деңгейіне тігінен интеграцияланған агроқұрылымдардың болмауы да теріс әсерін тигізуде. Бүгінде Қазақстандағы ауыл шаруашылығы секторының басым бөлігі үй шаруашылығында шоғырланған, бұл жағдай өндіріс деңгейінің де, өнім сапасының да төмендеуіне әкеледі. Яғни, шағын және үй шаруашылықтары малдың 84%-ын, жер ауданының 49%-ын иемденген. Олар 34% астық, 91% ет, 96% сүт және картоп пен көкөністің барлығын дерлік өндіреді. Бірақ, ауыл шаруашылығы өндірісінің осындай бағытта дамуы, сала өнімі табыстылығының төмен, еңбек бейнетінің жоғары және сыртқы нарықтарда бәсекеге қабілетсіз болуына әкеледі. Жоғары сапалы ауыл шаруашылық өнімдерін алу үшін Қазақстан осы саланы түбегейлі түрде қамтитын кешендерді құруды көздеу қажет сияқты.

Яғни, бұл – мемлекеттің ақпараттық, материалдық және кадрлық қолдауымен ауыл шаруашылығының кез келген саласын дамытатын, ел үшін тиімді болып табылатын аймақтардағы логистикалық нысандарды құру. Алдағы уақытта осы үдерісті жалпы қазақстандық желілік деңгейге жеткізу үшін мамандандырылған логистикалық орталықтар кәсіпорындарға қызмет көрсетуге тиісті болады, мысалы, мал шаруашылығы кешеніне қатысты логистикалық тізбектер бойынша: шикізатты, жемшөпті тасымалдаудан бастап, дайын өнімді нарыққа жеткізуге дейін. Ал өсімдік шаруашылығында: техника-технология, отын-энергетикалық ресурстарымен қамту және ауыл шаруашылығы өнімдерін сақтау

өндірісінен бастап өнімді нарыққа жеткізуге дейін және т.б.

Тұжырымдар. Сонымен, бүгінгі шешілуге тиісті мәселелер қатарында – ауыл инфрақұрылымын мемлекет деңгейінен жетілдіру, өйткені ауылдардың жеткіліксіз дамуымен байланысты (аграрлық секторда еңбек ететін халықтың негізінен, тиісті білімі және біліктілігі жоқ) халықтың қалаға көшу үдерісі орын алған; ауыл шаруашылығындағы материалдық-техникалық базаның ескіруімен байланысты оларды жаңалау; ауыл шаруашылығы саласындағы жергілікті ғылымның жеткілікті деңгейін мүмкіндігінше қамту, соның негізінде логистикалық кешендерді құру және ауыл шаруашылығы өнімдеріндегі импорттың өсуін реттеу деп есептейміз.

Әдебиеттер тізімі

1 Калиев Г.А. Актуальные проблемы развития АПК Казахстана. – Алматы: КазНИИ экономики АПК и развития сельских территорий, 2013. –23 с.

2 Сатыбалдин А.А. Научные и практические аспекты формирования аграрной политики в Казахстане/А.А. Сатыбалдин, З.К. Турисбеков// Вестник сельскохозяйственной науки Казахстана.-2000.-№9.-С.13-18.

3 Григорук В.В. Казахстан на продовольственном рынке ЕврАзЭС // Евразийская экономическая интеграция. - 2011. -№ 3 (12).- С.84-101.

4 Сигарев М.И. Развитие экономики аграрного сектора Казахстана: концепции, механизмы, перспективы/М.И. Сигарев, Б.Ш. Сыздыков. – Алматы, 2001.-404с.

5 Есполов Т.И., Куватов Р.Ю., Керимова У.К. Повышение эффективности сельского хозяйства Казахстана в условиях интеграции с внешними рынками: Учебник. - Алматы: Научно-исследовательский и консалтинговый институт агробизнеса КазНАУ, 2014. - С.265.

6 Бекбенбетова Б. Новые подходы к развитию аграрного сектора экономики Казахстана // II Межд. научн.-практич. конференция

«Перспективы развития научно-инновационной деятельности».- Бишкек: Национальная Академия Наук Кыргызской республики, 2010.- С.85-87.

7 Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің ресми сайты. www.stat.gov.kz/

8 Гиззатова А.И. Проблемы устойчивого развития сельского хозяйства Казахстана // Проблемы агробизнеса. - 2008. - № 2. - С. 21-24.

Әдебиеттер тізімі

1 Kaliev G.A. Aktual'nye problemy razvitiya APK Kazahstana. – Almaty: KazNII jekonomiki APK i razvitija sel'skih territorij, 2013. –23 s.

2 Satybaldin A.A. Nauchnye i prakticheskie aspekty formirovanija agrarnoj politiki v Kazahstane / A.A.Satybaldin, Z.K.Turisbekov// Vestnik sel'skohozjajstvennoj nauki Kazahstana.-2000.-№9.-S.13-18.

3 Grigoruk V.V. Kazahstan na prodovol'stvennom rynke EvrAzJeS // Evrazijskaja jekonomicheskaja integracija. - 2011. -№ 3 (12).-S.84-101.

4 Sigarev M.I. Razvitie jekonomiki agrarnogo sektora Kazahstana: koncepcii, mehanizmy, perspektivy/M.I.Sigarev, B.Sh.Syzdykov. –Almaty, 2001.-404s.

5 Espolov T.I., Kuvatov R.Ju., Kerimova U.K. Povyshenie jeffektivnosti sel'skogo hozjajstva Kazahstana v uslovijah integracii s vneshnimi rynkami: Uchebnik. - Almaty: Nauchno-issledovatel'skij i konsaltingovyj institut agrobiznesa KazNAU, 2014. - S.265.6.

6 Bekbenbetova B. Novye podhody k razvitiju agrarnogo sektora jekonomiki Kazahstana // II Mezhd. nauchn.-praktich. konferencija «Perspektivy razvitiya nauchno-innovacionnoj dejatel'nosti». - Bishkek: Nacional'naja Akademiya Nauk Kyrgyzskoj respubliky, 2010.- S.85-87.

7 Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің ресми сайты. www.stat.gov.kz/

8 Gizzatova A.I. Problemy ustojchivogo razvitiya sel'skogo hozjajstva Kazahstana // Problemy agrobiznesa. - 2008. - № 2. - S. 21-24.

В условиях современных реалий актуальность проблематики стратегического анализа как неотъемлемого инструмента эффективного управления хозяйствующими субъектами в сфере АПК неуклонно возрастает, поскольку для этого уже назрел ряд предпосылок:

♦ предпосылки, связанные с условиями макросреды, в которых функционируют хозяйствующие субъекты, и заинтересованность государства. Проблемы устойчивого развития сельскохозяйственного производства многогранны, они включают различные факторы: природные и материально-технические, экономические, включая финансовые и социальные, развитие научных исследований и организационно-управленческие [3, с.64]. От жизнеспособности, стратегической финансовой устойчивости и высокой долгосрочной результативности деятельности каждого отдельного субъекта АПК и отрасли в целом в конечном итоге зависят экономическая мощь и потенциал государства, его место на мировой арене, достижение и кратное превышение целевых макроэкономических индикаторов;

♦ предпосылки микроэкономического характера. Успех аграрной реформы во многом определяется мобилизацией внутренних ресурсов и возможностей каждым сельскохозяйственным предприятием, умением правильно выбрать стратегический курс развития и способностью руководителя предприятия управлять предпринимательским риском в достижении намеченных стратегических целей [4, с.60]. На сегодняшний день все большее число наиболее прогрессивно мыслящих руководителей хозяйствующих субъектов осознают насущную необходимость в разработке стратегии, реализации стратегического менеджмента и активном применении методики и инструментов стратегического анализа в процессе обоснования и оценки стратегических управленческих решений. Преимущества стратегического мышления руководителя предприятия и проведения осознанного стратегического анализа отражены на рисунке 1;

♦ предпосылки, связанные с традиционной методикой экономического анализа. Для традиционного подхода к анализу показателей деятельности характерна концентрация преимущественно на финансовых индикаторах, то есть на показателях, отражаемых в финансовой отчетности или вычисляемых на основе данных, представленных в финансовой отчетности предприятий или приложениях и пояснениях к ней. При этом нефинансовые показатели, полу-

чившие в последние годы широкое признание в качестве важнейших сигнальных индикаторов деятельности предприятий, не диагностируются. Набор традиционно исследуемых показателей зачастую не соответствует важнейшему принципу анализа – принципу системности, так как за рамками аналитической оценки остаются деловая окружающая среда, клиенты, конкуренты, компоненты цепочки создания ценности и т.п. Для принятия оптимальных стратегических управленческих решений руководство предприятий должно наряду с внешней финансовой отчетностью получать внутреннюю стратегически ориентированную управленческую информацию, позволяющую анализировать и оценивать систему финансовых и нефинансовых показателей внешней и внутренней среды организации [5, с.301];

♦ предпосылки, транслируемые практикой применения анализа в управлении предприятиями. По мнению И.В.Зенкиной существует стратегический разрыв между необходимостью стратегического анализа и возможностями его практической реализации на перманентной основе в системе управления предприятиями (таблица 2).

Указанные виды стратегического разрыва создают определенные сложности широкого практического применения стратегического анализа в управлении предприятием, однако, любое новшество, внедряемое и реализуемое субъектом хозяйствования, сопряжено с проблемами и требует поиска конструктивных, актуальных и действенных путей их преодоления, не являющегося исключением и стратегический анализ.

Стратегический анализ является стержневым фактором повышения эффективности принятия решений в процессе управления сложными экономическими системами – субъектами агробизнеса. Это обусловлено тем, что без анализа внутренней и внешней среды предприятия АПК невозможно сформировать проблемную ситуацию, определить цели функционирования и выбрать наиболее эффективные пути их реализации.

Цель стратегического анализа, по мнению ряда авторов, состоит в консолидации информации о внутренней и внешней среде хозяйствующего субъекта для оценки вариантов при определении стратегических целей и решении стратегических задач. Другие исследователи считают, что основная цель стратегического анализа – определение и оценка ключевых факторов воздействия на нынешнее и будущее положение предприятия и специфического влияния на стратегический выбор.

Аграрная политика: механизм реализации



прогноз их изменения в перспективе;

- ◆ поиск резервов роста стратегического потенциала организации;
- ◆ оценка степени реализации стратегии и уровня достижения стратегических целей;
- ◆ формирование и предоставление высшему руководству, менеджерам среднего звена и рядовым сотрудникам своевременной и достоверной информации для отслеживания продвижения к важнейшим стратегическим целям и управления этим процессом.

Объектом стратегического анализа является организационное окружение предприятия (иногда называемое рыночной средой), которое представляет собой набор

факторов внешней и внутренней среды, определяющих его способность достигать поставленных целей [6, с.20].

Существует и мнение о том, что объектами стратегического анализа могут выступать: стратегия развития; стратегический климат; стратегический потенциал; стратегическая позиция субъекта агробизнеса; стратегические альтернативы; стратегические показатели деятельности; стратегические управленческие решения.

Для успешного проведения стратегического анализа важно не только определить его цель, задачи и объекты, но установить и другие его элементы (таблица 3).

Таблица 3 – Основные элементы стратегического анализа

Элемент	Содержание
Информационная база	— Законодательные и нормативные акты; — планово-нормативная документация предприятия; — бухгалтерская отчетность; — статистическая отчетность, данные статистического учета; — налоговая отчетность, данные налогового учета; — акты ревизий и проверок; — показатели предприятий-конкурентов; — среднеотраслевые показатели; — сведения покупателей, поставщиков и др.
Измерители информации	Любые (натуральные, трудовые, денежные)
Период	Превышает 12 месяцев
Главные потребители	Руководство предприятия, собственники, топ-менеджеры
Форма обобщения результатов анализа	Отчет о проведенном анализе, пояснительная записка (бизнес-план), программа по реализации обоснованных управленческих решений
Степень открытости информации	Является коммерческой тайной, носит конфиденциальный характер

Проведение стратегического анализа предполагает определенный порядок работ, включающий организационные аспекты, сбор, отбор и консолидацию аналитической информации по направлениям оценки внешней и внутренней среды предприятия.

В процессе проведения стратегического анализа субъекту агробизнеса необходимо обратить внимание на четыре его компонента:

- цель, задачи, ожидания и полномочия (цель и основные задачи составляют фон, в условиях которого формулируются предполагаемые стратегии, а также критерии, по которым они оцениваются; важен также будет состав предприятия с точки зрения организационной культуры и внутриорганизационной политики);
- анализ внешней обстановки (внешняя обстановка претерпевает значительные изменения, что ставит перед предприятием

важнейшие стратегические вопросы);

- анализ внутренних ресурсов (разработка общей картины внутренних воздействий и ограничений, накладываемых на стратегический выбор);
- анализ стратегических альтернатив и выбор стратегии (здесь необходимо добиться стратегического соответствия, то есть, чтобы стратегия стала успешной, она должна соответствовать особенностям внешней и внутренней среды предприятия – целям и ценностям, ресурсам и способностям, организационной структуре и системам).

Система стратегического анализа может помочь руководителям:

- √ предвидеть тенденции развития предприятия;
- √ отслеживать и понимать влияние организационной среды на деятельность предприятия;
- √ делать стратегический выбор и реали-

Аграрная политика: механизм реализации

зовывать стратегию развития предприятия.

Любое предприятие АПК как объект стратегического анализа представляет собой институциональную систему, функционирующую и развивающуюся в определенной институциональной среде. Предприятие, которое исследователь «подвергает» стратегическому анализу, рассматривается им как феномен, имеющий двойственную природу (рисунок 2).

Исходя из этого, можно сделать вывод о том, что:

— во-первых, стратегический анализ оперирует со сферой «внутренней среды» предприятия, результатом которого является понимание организации процессов управления и планирования внутри предприятия, общих механизмов его существования;

— во-вторых, стратегический анализ оперирует со сферой «внешней среды» жизнедеятельности предприятия, результатом которого является осознание того, в каких условиях предприятию придется работать, и каким образом налажены его взаимосвязи с этой средой, партнерами, поставщиками и конкурентами. При этом стратегический анализ должен быть направлен преимущественно на выделение значимых для конкретного бизнеса аспектов макросистемы. Приоритетные области исследования должны подразумеваться априори, то есть их следует выделить еще до начала стратегического анализа – на основе здравого предпринимательского смысла и элементарной экономической грамотности и представления о бизнесе [7, с. 59].



Рисунок 2 – Предприятие АПК в рамках стратегического анализа

Для эффективного ведения производства предприятиям аграрного сектора необходимо решить проблему адаптации к возможным изменениям во внешней и внутренней среде, которая успешно решается на основе информации, полученной в рамках стратегического анализа. Следует отметить, что стратегический анализ может быть:

– частным или тематическим, когда проводится анализ какой-либо одной стороны деятельности или одного процесса на предприятии;

– комплексным в том случае, если анализ охватывает все важнейшие аспекты того или иного вида деятельности предприятия.

Результаты стратегического анализа позволяют интерпретировать стратегическое положение субъекта агробизнеса с

помощью:

– во-первых, определения изменений, которые возникали в экономическом окружении предприятия, и выявления их воздействия на предприятие и его деятельность;

– во-вторых, определения преимуществ и ресурсов предприятия в зависимости от этих изменений.

В результате проведения стратегического анализа формируется полное и достоверное представление о том, что происходит внутри и вовне предприятия, о его конкурентных преимуществах и недостатках, о возможностях и трудностях развития, степени рискованности обсуждаемых стратегических альтернатив.

Выводы. Важнейшим элементом эффективного управления предприятием АПК является стратегический анализ его

деятельности. Проведение стратегического анализа важно для любого хозяйствующего субъекта, заинтересованного в стратегической устойчивости и результативности.

Определение сущности и содержания стратегического анализа является одним из неоднозначных, дискуссионных и нерешенных до настоящего времени в полной мере вопросов теории и методологии стратегического управления. Вместе с тем, можно сделать вывод о том, что стратегический анализ представляет собой системное исследование и оценку факторов внешней среды, экономического потенциала и стратегии развития предприятия АПК в целях определения его текущей рыночной позиции, выявления перспективных путей развития и обоснования оперативно-тактических управленческих решений по достижению стратегических целей предприятия в условиях высокой неопределенности и динамизма рыночной среды.

Роль стратегического анализа заключается в том, чтобы на основе регулярного мониторинга, тестирования, диагностики и оценки совокупности разнообразных и значимых факторов обеспечить стратегическое управление системой своевременного предупреждения о необходимости принятия или коррекции тех или иных стратегических решений с целью достижения стратегического успеха предприятия. На основе информации, полученной посредством стратегического анализа, существенно снижается неопределенность, всегда сопровождающая разработку и реализацию стратегии.

Значение стратегического анализа для повышения эффективности принимаемых стратегических решений и контроля над их реализацией требует глубокого изучения данной науки будущими и действующими руководителями разных уровней управления в сфере АПК.

Список литературы

- 1 Баранова Н.А. Формирование стратегии развития сельскохозяйственного предприятия // Проблемы агрорынка. – 2017. – №4. – С. 98-104.
- 2 Бахмарева Н.В., Селиванова Т.А. Стратегический экономический анализ // Учет, анализ и аудит: проблемы теории и

практики. – 2015. – №15. – С. 26-34.

3 Жангирова Р.Н. Проблемы устойчивого развития аграрной сферы Казахстана // Проблемы агрорынка. – 2015. – № 4 – С. 59-64.

4 Тогжигитова К.Б. Задачи стратегического планирования в снижении рисков сельскохозяйственных предприятий // Проблемы агрорынка. – 2016. – №1. – С. 60-64.

5 Зенкина И.В. Предпосылки развития, основные задачи и принципы проведения стратегического анализа в современных российских условиях. – Вестник Адыгейского государственного университета. Серия 5: Экономика. – 2011. – №4(87). – С. 300-307.

6 Шичиха Р.А., Сычанкина С.Н., Смоленцев В.М. Современный стратегический анализ: учебное пособие. – Краснодар: КубГАУ, 2015. – 252 с.

7 Бармашова Л.В., Викторова Т.С. Стратегический менеджмент: учебное пособие, том 6. – Вязьма: РИЦ ВФ ГОУ МГИУ, 2012. – 495 с.

Spisok literatury

1 Baranova N.A. Formirovanie strategii razvitiya sel'skohozjajstvennogo predpriyatija // Problemy agrorynka. – 2017. – № 4. – S. 98-104.

2 Bahmareva N.V., Selivanova T.A. Strategicheskij jekonomicheskij analiz // Uchet, analiz i audit: problemy teorii i praktiki. – 2015. – №15. – S. 26-34.

3 Zhangirova R.N. Problemy ustojchivogo razvitiya agrarnoj sfery Kazahstana // Problemy agrorynka. – 2015. – № 4 – S. 59-64.

4 Togzhigitova K.B. Zadachi strategicheskogo planirovaniya v snizhenii riskov sel'skohozjajstvennyh predpriyatij // Problemy agrorynka. – 2016. – №1. – S. 60-64.

5 Zenkina I.V. Predposylki razvitiya, osnovnye zadachi i principy provedeniya strategicheskogo analiza v sovremennyh rossijskih uslovijah. – Vestnik Adygejskogo gosudarstvennogo universiteta. Serija 5: Jekonomika. – 2011. – №4(87). – S. 300-307.

6 Shichijah R.A., Sychanina S.N., Smolencev V.M. Sovremennij strategicheskij analiz: uchebnoe posobie. – Krasnodar: KubGAU, 2015. – 252 s.

7 Barmashova L.V., Viktorova T.S. Strategicheskij menedzhment: Uchebnoe posobie, tom 6. – Vjaz'ma: RIC VF GOU MGIU, 2012. – 495 s.

Аграрная политика: механизм реализации

Искерлік этика, Ноттингем университетінің (Ұлыбритания) Корпоративті әлеуметтік жауапкершілік жөніндегі халықаралық орталығы, т.б. [2].

Бұл үрдіс, сондай-ақ бизнесті жүргізудің қазақстандық практикасында да көрініс таба бастады. Енді, көптеген компаниялар, қайырымдылықпен айналысуға, әлеуметтік инвестицияларды тартуға, әлеуметтік есептерді жариялауға, шығармашылық ұжымдар, конкурстар мен әлеуметтік жобаларға демеушілік ете бастады.

Нәтижелері және оларды талқылау.

Ол отандық бизнестің ұлттық экономикадағы рөлі өсіп жатқандығының белгісі. Әрине, кәсіпкерлік класс қоғам мен бизнестің әлеуметтік жауапкершілігін өзінің оң әсерін тигізеді және қоғамда корпоративтік азаматтығы моделін іске асырудың негізі ретінде қарастырылады.

Әлеуметтік әріптестік тетігінің тиімді жұмыс істеуі оның субъектілерінің әрбірі әлеуметтік және еңбек қатынастарын жалпы реттеуіндегі өзінің әлеуметтік жауапкершілігінің үлесін түсінгенде ғана орын алады (1 сурет). Бұл тұрғыда әлеуметтік консенсусқа қол жеткізуге бағытталған олардың өзара экономикалық мүдделері негізінде әлеуметтік әріптестік жүйесіндегі әлеуметтік және еңбек қатынастарын реттеу үшін серіктестермен, еңбек заңнамасын, қоғамның этикалық нормаларын, саналы қажеттілігі ретінде анықталуы мүмкін бизнестің әлеуметтік жауапкершілігін қалыптастыруға болады.

Ауыл шаруашылығында корпоративтік әлеуметтік жауапкершіліктің екі санатын бөліп көрсетуге болады: міндетті әлеуметтік төлемдер және ерікті корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік бағдарламасы.



1 сурет – Ауыл шаруашылығы кәсіпорындарында әлеуметтік жауапкершіліктің қалыптасуы

Ірі компаниялармен Қазақстан Республикасының Үкіметі арасында жасалған шарттарда әлеуметтік дамуға олардың капиталдық шығындарының белгілі бір пайызын төлеуге міндеттеме бар деп көрсетілген. Әдетте, бұл қаражаттың қандай жерге жұмсалатынын анықтау үшін, тау-кен компаниясының өкілдері мен жергілікті биліктен тұратын үйлестіру кеңесі құрылады. Осы қаражаттың есебінен қаржыландырылатын жобалар түрлі негізгі іс-шаралар қолдау, сондай-ақ құрылыс және (мектептер, ауруханалар, медицина-

лық және мектеп жабдықтарын сатып алу, оның ішінде) әлеуметтік инфрақұрылымды қалпына келтіру құнын қамтиды.

Сонымен қатар, ең ірі компаниялар ерікті корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік бағдарламасын ұйымдастырады. Осы жағдайларда, компаниялар жобаларды іске асыру бойынша бақылауда болғандықтан, олар ұзақ мерзімді және тұрақты нәтижелерге қол жеткізуге тырысады, мысалы, шағын және орта бизнесті қолдай немесе әйелдерді қолдау бағдарламаларын жүзеге асыра отырып.

Сол немесе өзге дәрежеде міндетті және ерікті бастамалар компанияның негізгі қызметімен байланысты: басқалары тәуекел-азайту шаралары ретінде пайдаланылады немесе нақты бизнес мақсаттарына қол жеткізу үшін, ал кейбір жобалар, тек қана сыртқы әлеуметтік мәселелерді шешуге бағытталған.

Қазақстан Республикасында корпоративтік азаматтық енді дамып келе жатқан институт, білім, инновация және коммуникация экономикасының маңызды құрамдас бөлігі және ақпараттық қоғам пайда болған жағдайында орын алуын жалғастыратын даму сипатында түбегейлі өзгерістер болып жатыр және бола береді. Бұл тез өзгеріп жатқан ақпараттық қоғамда шындығында жетістікке жету үшін, нарықтарға жоғары технологиялық тауарлар мен қызметтерді жеткізу ғана емес, сонымен қатар кең жалпы бағалау және оның мүдделі тараптармен сенімді қарым-қатынас құру қажет.

Кейбір компаниялар тұтынушылардың этикалық талаптарына белсенді жауап беруге үйренді. Олар өндіріс және тұтыну жауапкершілігі кеңінен ортаға қатысты, дамыған елдерде қабылданған ұғымдарға сай өнімдер мен қызметтерді ұсынады.

Ағымдағы бизнестің әлеуметтік жауапкершілігінің компоненті компания шеңберінде «сау» қоршаған ортаны қорғау болып табылады және ең үздік қызметкерлерін шоғырландыру қабілеті, яғни еңбектің этикалық мотивациясын кәсіби орындау мен материалдық марапаттамалардың ажырағысыз бөлігі деп санайтын қызметкерлер. Бәрімізге белгілі, барлық ірі корпорациялардың өзіндік мінез-құлықтың этикалық кодексі бар. мінез-құлық кодекстері негізінде бизнестің мінез-құлық ережелерін анықтайтын жалпы этикалық принциптер бар [3]. Солардың ішіндегілері:

- компанияның мүдделерін және оның акционерлеріне қамқорлық пен сенім қағидасы;
- өз мүлкіне сыйластық қағидасы;
- өз міндеттемелеріне қатысты сенімділік қағидасы;
- бизнес жүргізудегі ашықтық қағидасы;
- корпоративтік қызмет саласындағы барлықтарының қадір-қасиетін құрметтеу принципі;
- адал бәсекелестік пен кемсітушіліктің барлық нысандарынан бас тарту принципі;
- компанияның әлеуметтік жауапкершіліктен хабардарлығы және оның дамуына үлес қосқаны, құқыққа құрметпен,

билік органдарымен ынтымақтастықта болу принципі;

- қоғамдық мүддені қорғаушы ретінде мемлекеттің рөлін және юрисдикциясын мойындай отырып, мемлекеттің мұқтажы үшін корпоративтік мүдделер саласындағы, қаржыгерлер тараптардың өзара іс-қимыл принципі.

Бұл жалпы принциптерді әмбебап корпоративтік мінез-құлық кодексін құрастыру кезінде басшылыққа алынуы тиіс.

Әлеуметтік есеп қоғамды тиімді басқаруды ұйымдастыру үшін үлкен мүдделі тараптар мен қоғам арасындағы «кері байланысты» қолдау үшін байланыс тетігі ретінде қарастырылады. Есептерде «миссиясының», компаниялар қоғамға жеткізгісі келетін қызметі мен әлеуметтік бастамалары принциптері туралы оң ақпарат берілуі тиіс.

Бұқаралық ақпараттық құралдарға сүйенсек, көптеген компаниялар корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік сферасындағы қызметін белсенді түрде жүзеге асыруда. Осы орайда ауыл шаруашылығы саласында белсенді қызмет атқарып жүрген компаниялар жыл сайын ауқымды сомада қаражат бөліп, қызметкерлері үшін де, қала тұрғындары үшін де әлеуметтік дамуына жағдай жасап, соның нәтижесінде құрылыс нарығында өз имиджін қалыптастырып отыр. Көріп отырғанымыздай, еңбекті қорғау мен денсаулық сақтауға, қызметкерлерді оқытуға, спортты дамытып, жас мамандарды тартуға, мүмкіндігі шектеулі балаларға көмек беруге, қызметкерлерге сыйақы мен материалдық көмек үшін жыл сайын бөлінетін қаражат артып отыр. Бұл көрсеткіштердің артуын келесі диаграммадан анық көруімізге болады (2 сурет).


Қазақстанда көптеген компаниялар корпоративтік әлеуметтік жауапкершілікті дамытудың келесі кедергілеріне тап болып отыр:

- кәсіпорындарда қаржының болмауы;
- КӘЖ туралы кәсіпорындардың және қоғамның хабардар болмауы;
- кәсіпорын басшыларының КӘЖ-ді іске асырғысы келмеуі;
- қоғамда, үкіметте, бизнес КӘЖ туралы хабардарлықтың төмендігі;
- заңнамалық деңгейде қолдаудың болмауы;
- салықтық ынталандыру шараларының болмауы;
- бөлінген қаражаттың пайдалану ашықтығы мен тиімділігінің болмауы;
- өңірлерді дамыту жөніндегі ұзақ мерзімді жоспардың болмауы;
- компаниялар, билік пен халық арасындағы бастамалардың шашырыңқылығы;

Аграрная политика: механизм реализации

- КӨЖ мониторингі жөніндегі есептіліктің болмауы;
- мемлекеттік органдардың бюрократиялығы;
- сыбайлас жемқорлық;
- бизнестің әлеуметтік жауапкершілікке формальды қарауы;
- мемлекеттік органдардың құзыреті;

- бизнес пен қоғамдастықтың өзара іс-қимылының болмауы;
- БАҚ КӨЖ туралы бизнеске тегін дәл ақпаратты қамтамасыз етпейді;
- қоғамның енжарлығы;
- бизнес пен азаматтық сектор арасындағы сенімсіздік.



2 сурет – Ауыл шаруашылығы кәсіпорындарында корпоративті әлеуметтік жауапкершілік көрсеткіштерін салыстыру

Кәсіпорындарда корпоративті әлеуметтік жауапкершілікті қалыптастырудағы мемлекеттің ролін қарастырған жөн. Қазіргі таңда барлық дамыған мемлекеттерде әлеуметтік жауапкершілік жоғарғы мемлекеттік деңгейде қарастырылады. Сонымен бірге, үкіметтердің көп бөлігі корпоративті әлеуметтік жауапкершілік шеңберінде өз стратегиялары мен оларды жүзеге асырудың қадамдарын жасап шығаруда. Халықаралық тәжірибе корпоративті әлеуметтік жауапкершілік институтын дамытуда мемлекеттің ролін бағалау қиын екенін көрсетті. Қазақстанда бұл бағыт енді дамып келе жатыр, сондықтан осы саладағы мемлекеттік реттеу процестерінің ең жақсы тәжірибелері еліміз үшін пайдалы болатын еді. Ең алдымен мемлекеттік реттеуде қалыптасқан тәжірибелерге байланысты корпоративті әлеуметтік жауапкершіліктің аталып өткендей әр түрлі модельдері бар [қараңыз 1].

Мемлекет барлық қазақстандық компаниялардың әлеуметтік жауапты болуына барлық жағдай жасау керек. Азаматтық сектор бастамашылық жасап, жаңалықтар және жаңа ақпараттарға қызығып, біліп отыруы

керек. Ал жұмыс берушілер корпоративті әлеуметтік жауапкершілікті кәсіпорынға енгізу бизнесті жүргізудің қағидаларымен өте тығыз байланысты екенін түсінуі керек.

Мемлекет әлеуметтік мәселелерді шешуде белсенді араласуы үшін бизнесті ынталандыруы керек (бизнеске жағымды жағдайлар жасау, ағарту және ақпараттық шаралар жүргізу және т.б.).

Бірінші кезекте елде корпоративті әлеуметтік жауапкершілікті дамыту үшін мотивацияны арттыру қажет, бұл ішкі де, сыртқы да әлеуметтік жауапкершілікке қатысты. Ол үшін республикадағы Салық және Еңбек кодексінің шарттарын жасау және өзгерту керек, КӨЖ принциптері туралы хабардарлықты арттыру қажет. Қазіргі уақытта компаниялар халықтың әлеуметтік осал топтарын қолдауға, қайырымдылық іс-шараларды, қоршаған ортаны қорғау және басқа да сыртқы КӨЖ бағыттарын ұйымдастырады, бірақ мемлекет тарапынан қандай да бір қолдау алмағандықтан, сыртқы мотивация толықтай жоқ десе де болады.

Еңбек қауіпсіздігін, әлеуметтік маңызды жалақы қолдауды, қызметкерлердің

қосымша медициналық және әлеуметтік сақтандыру және қиын жағдайларда қызметкерлерге көмек сияқты ішкі корпоративтік жауапкершілікті дамыту саласындағы бизнесте мотивацияны арттыру маңызды.

Мемлекет компанияның корпоративтік әлеуметтік жауапкершілігін дамытуды материалдық қана емес моральды түрде де ынталандыруы керек. Сонымен қатар компанияның әлеуметтік жауапкершілігі сыртқы әлемнен оны бөліп тұрмауы тиіс. Корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік билік-бизнес-қоғам триадасындағы қарым-қатынастың тиімділігі мен өміршеңдігінің басты шарттарының бірі болып табылады [4].

Сонымен қатар, жасалған зерттеулер елде корпоративті әлеуметтік жауапкершілікті дамытуда компаниялар мемлекеттің белсенді ролін күтетінін айтты. Респонденттердің ойынша, Қазақстандағы корпоративті әлеуметтік жауапкершілікті дамытудың басты инициаторы мемлекеттің Үкіметі мен жергілікті билік болу керек деп санайды. Ал корпоративті әлеуметтік жауапкершілікті дамытуды ынталандыратын факторлардың ішінде бірінші кезекте тұратыны – корпоративті әлеуметтік жауапкершілікті жүзеге асыратын компаниялар үшін салық салуда жеңілдіктер енгізу. Мемлекеттің басты ролі сөзсіз, КӨЖ-ді дамытуға жағдай жасайтын мемлекеттік саясатты қалыптастыру мен жүзеге асыру болып табылады. Мұндай саясат, ең алдымен, КӨЖ саясатын жүргізу компанияны ынталандыратындай және КӨЖ белсенді жүзеге асыратын компанияларды жария мадақтау механизмін жасайтын нормативті құқықтық базаның өзгерту шараларын қамту керек.

КӨЖ-ді дамытудың басты мақсаты КӨЖ туралы хабардарлықты арттыру ғана емес, КӨЖ туралы түсініктің мағынасы мен қағидаларын қалыптастыру мен мемлекеттің болашақтағы әлеуметтік және экономикалық дамуына енгізу қажеттілігін түсінетіндей болу керек.

Ақпараттық-ағартушылық бағдарламалары бизнес өкілдері, мемлекеттік қызметшілер, үкіметтік емес ұйым өкілдері үшін оқу бағдарламаларын толықтыруы маңызды.

Осындай әріптестіктің позитивті сәттерін бөліп көрсетуге болады:

- ◆ бизнес пен мемлекет арасында диалогты жүргізу ережесі, бір-бірінің міндеттері мен құқықтарын құрметтеудің құнды негізі қаланады;

- ◆ нәтижесінде даму болады және институционалды түрде кез келген демократиялық қоғамның маңызды феномены болып табылатын лоббизм рәсімделеді;

- ◆ әлеуметтік бағдарламаларды табысты және көң ауқымды жүзеге асыру арқылы бизнес артық жарнамасыз заңдылыққа сүйене отырып беделін жақсартады, ал сол кезекте мемлекет өз абыройын көтереді, соның нәтижесінде жалпы жеке бастамашылдыққа мемлекеттің қарым-қатынасы жақсы жағына қарай өзгереді;

- ◆ мемлекет алдыңғы қатарлы тәжірибе, технология, сонымен қатар бизнестің мәдени құндылықтарын өзіне қабылдай отырып, тиімдірек жұмыс істей бастайды.

Компания жұмыс істейтін жергілікті қоғамдастықтың әлеуметтік мәселелерін бизнестің шешуі бюджеттік қаражатты корпоративтіге ауыстыруға мүмкіндік береді, шектеулі бюджет жағдайында бұл факт оңтайлы болып табылады. Мұнымен қатар әлеуметтік қауырттылық азаяды. Жұмысқа орналасуда әлеуметтік жауапты компанияға жағымды жағдай ұсыну жағдайды тұрақтандырады. Бұл тек КӨЖ-дің мемлекетке беретін кейбір артықшылықтары ғана. Ал бизнес-мемлекет-жұмысшы триадасының әріптестігін арттыру нәтижесінде мемлекет үшін корпоративті әлеуметтік жауапкершіліктен экономикалық жағынан да, әлеуметтік, халықты қорғау жағынан да тиімді шаралар жүзеге асырылады. Өз кезегінде жұмыс беруші де мемлекет тарапынан жеңілдіктер мен мадақтарға қол жеткізеді, жұмысшы әлеуметтік қорғалады. Сонда ғана бұл триада корпоративті әлеуметтік жауапкершілік саласында ең тиімді жұмыс істейтін схема болады.

Ключевые слова: агропромышленный комплекс, растениеводство, животноводство, пшеница, урожайность, экспорт, индикаторы, продовольственный рынок, стратегическое планирование и управление.

Key words: agro-industrial complex, crop production, livestock production, wheat, yield productivity, export, indicators, food market, strategic planning and management.

Кіріспе. Ұсақ шаруашылық үдерістерге елдің қатысуы жағдайларында ауыл шаруашылығының дамуы мен оның бәсекеге қабілеттілігінің артуы экономика ғылымдарының өзекті мәселелерінің бірі. Қазіргі таңда мемлекеттік органдар экономикалық ойдың заманауи жетістіктері негізінде экономикалық өсудің қайнар көздерін, сонымен бірге бірқатар стратегиялық және бағдарламалық құжаттарды қалыптастыру мен іске асыру арқылы ауыл шаруашылығын дамыту мүмкіндіктерін үздіксіз іздестіруде.

Саланың дамуы үшін негіз болып табылатын жоспарлау мәселелерін үздіксіз жетілдірудің өзектілігі қазіргі таңда мемлекеттік жоспарлау жүйесінде ерекше орын мен мәнге ие. Елдегі мемлекеттік жоспарлау жүйесін реттейтін негізгі нормативтік құқықтық актілердің біріне «Мемлекеттік жоспарлау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы жатады [1]. Сонымен бірге, қабылданған Мемлекеттік жоспарлау жүйесін дамыту тұжырымдамасы мемлекеттік жоспарлау жүйесінің одан әрі дамуы бойынша негізгі қағидалар мен амалдар, мемлекеттік жоспарлау мәселелері бойынша мемлекеттік саясаты жүзеге асырудың мақсаттары мен міндеттері анықталған нәтижелерге бейімделеді [2].

Нарықтық экономика жағдайында Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуын нығайту үдерісі өндірістің, әсіресе ауыл шаруашылығының тиімділігін тұрақты әрі бекем арттыру үшін шаруашылық жүйенің түбегейлі қайта

құрылуын талап етеді. Қазіргі таңда отандық экономиканы қайта құру кезінде бірқатар мәселелер туындады. Әсіресе, Қазақстан халқының өмір сүру деңгейін анықтайтын аса маңызды стратегиялық қызмет саласы ретінде агроөнеркәсіп өндірісінің тиімділігін арттыруға елеулі назар аударылды.

Зерттеу материалдары мен әдістері.

Бүгінгі таңда агроөнеркәсіп кәсіпорындары шаруашылық механизмінің жетілмеуімен, коммерциялық ақпараттың жеткіліксіздігінен, сыртқы орта факторларының (тұтынушылардың іс-әрекеті, нарықтық конъюнктураның өзгеруі, жаңа тауарлардың пайда болуы, т.б.) әлсіз талдануынан және нарықта жұмыс істеу тәжірибесінің жоқтығынан тұрақсыз шарттарда әрекет етіп келеді. Сондықтан, ауыл шаруашылық өнімін тұтынушыға дейін тиімді жеткізуге бағытталған зерттеулерді қайта қарастыру және күшейту қажет.

Қазақстанның агроөнеркәсіптік кешенін дамыту аграрлық саясаттың аса маңызды бағыты болып отыр. Агроөнеркәсіптік кешеннің негізгі міндеті – елімізді азық-түлікпен, ал өнеркәсіпті ауыл шаруашылығы шикізатымен қамтамасыз ету. 2013 жылдан бастап Қазақстанда агроөнеркәсіптік кешенді дамытудың жаңа бағдарламасы жасалып, аграрлық сала дамуының әлемдік деңгейлеріне жету және индустриялы агроөндірісті қалыптастыру алдымызға қойылды. Ол бағдарлама бүгінгі таңда «Агробизнес-2020» бағдарламасы болып, өзінің қызметін бастауда.

«Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды тұрақты дамыту, олардың бәсекеге қабілеттілігін көтеру және елдің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету» бағдарламасы бойынша реттелетін саланы немесе қызмет аясын дамытудың негізгі параметрлері агроөнеркәсіптік кешенді дамыту болып табылады [3].

Бүгінгі таңда республиканың агроөнеркәсіптік кешеніндегі жағдай өндіріс тиімділігінің өсуімен, ауылдағы қаржы қызметі нарығының дамуымен, ауыл халқының тұрмыс сапасының жақсаруымен сипатталады.

Нәтижелері және оларды талқылау.

Қазіргі жағдайда Қазақстандағы экономикалық жаңғырулар өзінің шешуші кезеңінен өтті. Қазірдің өзінде нарықтық қатынастардың жұмыс істеуінің негізгі және тиісті ұйымдық құрылым қаланып, бірте-бірте өндіріс құлдырауы тоқталып және алға қарай жылжу мүмкіндігі пайда болып, үлкен мақсаттар мен агроөнеркәсіптік өндіріс дамуының стратегиясы мен тактикасын анықтау қажеттілігі туды.

Республика Президенті Н.Ә. Назарбаев «Қазақстанның егемен мемлекет ретінде қалыптасуы мен дамуының стратегиясы» деген еңбегінде былай деп атап көрсетті: *«барлық стратегиялық жоспарлардың алдында агроөнеркәсіп кешенінің дамуы, оны жүйелі және батыл реформалау келеді...»*. *«Ауыл, селоны және агроөнеркәсіптік кешенді дамытудың артықшылықтары туралы»* Заң қабылдау да осы мақсаттарға арналады [4].

Мемлекет басшысының идеяларын, қабылдаған заңдар мен Республика үкіметінің қабылдаған қаулыларын іс жүзінде асыра отырып, Қазақ Ауыл шаруашылығы ғылымдары академиясының ғалымдары «Қазақстан Республикасы агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың 1993-1995 жылдарға және 2007 жылға дейінгі тұжырымдық Бағдарламасын» жасады. Ішкі көздердің есебінен өндіріс құлдырауын тоқтату, экономикалық жағдайды тұрақтандыру және ауыл шаруашылық өнім өндіруді арттыруды қамтамасыз ету жөніндегі кезек күттірмейтін міндеттерді шешу үшін Бағдарламада мына төмендегідей шаралар қарастырылған:

◆ меншік қатынастарын қайта құру, жекешелендіру тәсілдері мен қарқыны, бәсекелестік қатынасты дамытуды қамтамасыз ететін көпукладты экономиканы қалыптастыру жәнге агроөнеркәсіптік өндірістің тиімділігін арттыру жөніндегі экономикалық реформалар бағытына түзетулер енгізу;

◆ агроөнеркәсіп кешенінің еркін баға белгілеуге көшуін қамтамасыз ететін тиісті қаржылық-несиелік және баға жүйесін, ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер мен өнім ұсынушыларды мемлекеттік қолдаудың әр түрлі тәсілдері мен әдістерін, монополист-кәсіпорындар өнімнің бағасын шектеуді, шетелдік инвестицияны тарту және біріккен бизнесті дамыту мәселелерін жасау және жүзеге асыру;

◆ тауар қорларын қалыптастырып, реттеуге мүмкіндік беретін және соның негізінде рынок сыйымдылығы;

◆ агроөнеркәсіп кешенінің терең құрылымдық жаңғыруын төмендегідей бағыттарда жүзеге асыру:

◆ республиканың табиғи аймақтарының биоклиматтық потенциалын олардың экологиялық жүйе тараптарына, экономикалық мақсаткерлігіне, өзін-өзі қамтамасыз етуіне, негізгі ауыл шаруашылық дақылдары егіс көлемі құрылымның әлемдік рынок конъюнктурасына сәйкестендіріледі;

◆ ауыл шаруашылығындағы мал басының генетикалық потенциалын әрбір табиғи аймақтағы жем-шөп базасының мүмкіндіктеріне орай толық пайдалану;

◆ агроөнеркәсіп кешенінің өндірістік негізгі қордағы қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында ауыл шаруашылық машиналарын жасау салаларын құру;

◆ қуаты және орналасуы жағынан тиімді өңдеу өнеркәсібінің кәсіпорындар жүйесін қалыптастыру;

◆ экономиканың көпактуалдылығы және жеке меншіктің пайда болуын есепке ала отырып, селодағы әлеуметтік инфроқұрылымды дамыту;

◆ агроөнеркәсіптік кешен араласқан экожүйелердің барлық элементтерінің экологиялық қауіпсіздігіне экономикалық, құқықтық және техника-технологиялық кепілдік беретін жүйелер құру [5].


Агроөнеркәсіптік кешен саласында мемлекеттік саясат тәуелсіздік кезеңінде 9 мемлекеттік құжат негізінде іске асырылды. Осылайша, 1991-1995 жылдарға қабылданған алғашқы «Ауыл» әлеуметтік-экономикалық даму бағдарламасы агроөнеркәсіптік кешенде еңбек өнімділігінің артуына, ауыл шаруашылық өнімдері мен шикізатты өндіру көлемін арттыруға бағытталды.

Қазіргі таңда «100 нақты қадам» Ұлт жоспары және «Қазақстан-2050» Стратегиясында белгіленген мақсаттарды іске асыру үшін Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (бұдан әрі – АӨК бағдарла-

Экономический механизм хозяйствования

масы) қабылданып және іске асырылды. Аталған бағдарламаның мақсаты ішкі нарықтың қажеттіліктерін ауыл шаруашылық өнімдерімен қамтамасыз ету болып табылады. Бұл дегеніміз тәуелсіздік жылдарында елімізде ауыл шаруашылығын дамыту бойынша бағдарламалардың жүйелі жасалатындығын, өндіріс көлемін арттыру арқылы отандық ауыл шаруа-

шылық өнімдерімен ішкі нарықты қамтамасыз ету бойынша шаралардың қолданылғандығын білдіреді. Тәуелсіздіктің 25 жылындағы өсу қарқыны 1991 жылғы 77,8 млн.теңгеден 2016 жылғы 3 684,3 млрд. теңгеге дейінгі ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру көлемінің артқандығын көрсетеді (1 сурет).



1 сурет – Ауыл шаруашылығының жалпы өнім шығарылымы, млн. теңге [6].

Дегенмен, өндірістің өсуіне қарамастан, бүгінгі таңға дейін қажетті ауыл шаруашылық өнімдерінің жетіспеушілігі байқалады. Оның себебінен ішкі нарықта ауыл шаруашылық өнімдерінің импорты жоғарғы деңгейде. Экспорттық өнімді, оның ішінде ауыл шаруашылық өнімдері деңгейін арттыру үшін 2017 жылы «Ұлттық экспорттық стратегия» үкіметтік бағдарламасы қабылданды.

Жасалған талдау жұмыстарының нәтижесі көрсеткендей, мемлекеттік жоспарлау жүйесінде ауыл шаруашылығының дамуы барлық сатыларда көрініс табады.

Осылайша, «Қазақстан-2050» бірінші деңгейлі құжаттардың маңызды мақсаттарының бірі елдің ЖІӨ-де ауыл шаруашылығы өнімдерінің үлесін 2050 жылға дейін 5 есе арттыру болып табылады. 2020 жылға дейінгі ҚР Стратегиялық даму жоспарында төрт мақсат белгіленді. Біріншіден, бұл экономиканың шикізаттық емес секторларына, соның ішінде ауыл шаруашылық өнімді қайта өңдеуге отандық

және шетелдік инвестицияларды 2020 жылға қарай 30% арттыру. Екіншіден, бидайдың өнімділігін 1 гектарына 1,4 тоннаға дейін арттыру. Үшіншіден, аграрлық саланың экспорттық әлеуетін экспорттың жалпы көлемінде 8%-ға дейін жоғарылату. Төртіншіден, етті қайта өңдеу үлесін 27%, сүтті – 40%, жеміс-жидек үлесін 12%-ға дейін арттыру.

Статистикалық мәліметтерге сәйкес ауыл шаруашылығының ЖІӨ-дегі үлесі 2016 жылдың қорытындысы бойынша 7,8% құрап, алдыңғы жылмен салыстырғанда 3,8% төмендеді. Үлестің төмендеуіне 2016 жылы ауыл шаруашылық өнімдерді өндірудің 3 681 млрд. теңгеге дейін азаюы себеп болды. Елдің ЖІӨ-інде ауыл шаруашылығының жоспарланған 5 есе өсу үлесі «2050-Стратегиясына» сәйкес 2050 жылға дейін 40% құрауы мүмкіндігінде құжаттың 2012 жылдың соңында бекітілуі, негізгі жыл ретінде 2013 жыл қабылданғандығы ескерілді (1 кесте).


байланысты көрсететін, олардың даму қарқынын қарастыруға тырысты.

2020 жылға дейінгі Қазақстан дамуының Стратегиялық жоспары мен Ұлттық экспорттық стратегия секілді бағдарламалық және стратегиялық құжаттарда көрініс тапқан, аграрлық саланың экспорттық әлеуетін арттыру аса маңызды индикаторлардың бірі. Ұлттық экспорттық стратегия 2017 жылы қабылданып бекітілді және 2022 жылға қарай шикізаттық емес экспорт көлемін 1,5 есе арттыру үшін жағдай жасауға бағытталады [7].

МЖЖ-ның екінші деңгейлі құжаттарында, әсересе 2018-2022 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуы болжамында ауыл шаруашылығының жалпы қосымша құнын алдыңғы жылдан арттыру қарастырылып және 2018 жыл мен 2022 жылдар аралығында өсу қарқыны жыл сайын орта есеппен 5,9% құрайды. Сонымен бірге, 2022 жылға қарай бидай өнімділігін гектарына 1,3 тоннаға дейін арттыру көзделуде. Ал жоғарыда аталғандай, 2020 жылға дейінгі ҚР Стратегиялық даму жоспары шегінде 2020 жылға қарай өнімділікті 1,4 тоннаға дейін арттыру болжамдалады.

Яғни көрсеткіштер жыл сайын қайта қарастырылып, ҚР әлеуметтік-экономикалық даму болжамы шегінде өнімділіктің өсуі орын алды. Алайда, 2020 жылға дейінгі ҚР Стратегиялық даму жоспары құжатына сәйкес өзгерістер енгізілмеді. Соған орай, стратегиялық және бағдарламалық құжаттар шегінде барлық жоспарланған көрсеткіштерді бейімдеуге кеңес беріледі.

2017-2021 жылдарға Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешені мемлекеттік бағдарламасында ауыл шаруашылығының жалпы өнімі (қызмет) көлемінің индексі 2021 жылға қарай 130% құрайтындығы қарастырылған. Мұнда 2019 жылы ауыл шаруашылығының жалпы өнім көлемінің нақты көлем индексі (НКИ) 118% болатындығы жоспарлануда. Сонымен қатар, жүйелі суландыруға бөлінген жер телімдерінде өндірілген ауыл шаруашылық өнімдерін 2021 жылға қарай 599 млрд. теңгеге дейін арттырудың көзделуі 2019 жылдың көрсеткіштерімен салыстырғанда 2,9 есе артық. Бағдарламада ауыл шаруашылық өнімдерінің бірқатар түрлерін өндіру көлемін арттыру белгіленген (3 сурет) [6].




3 сурет – Өндіріс көлемінің жоспарланған өсімі

2021 жылға қарай егін шаруашылығы өнімін өндіру көлемін арттыру жоспарлануда, әсіресе бастапқы кезеңмен (2015 жыл) салыстырғанда жемшөп пен сұлы екі есе, жеміс-жидектер өндірісі – 18%, картоп – 13%, дәнді дақылдардың майлары – 96% және т.б. Сонымен қатар, төмендету де жоспарлануда, әсіресе күріш өндірісі 4% азай-

тылады. Арпа өндірісі – 49%, сүт – 9,3%, өсімдік майы – 74%, қант өндірісін 8 есе арттыру жоспарлануда.

Мал шаруашылығы өнімдері арасында 2021 жылға қарай сиыр еті – 18%, құс еті – екі есе, қой еті – 11%, шошқа еті – 40% мөлшерде өндіріс көлемін арттыру жоспарлануда (4 сурет).



4 сурет – Жоспарланған өндіріс көлемдері [қараңыз 6]

Тұжырымдар. Осылайша, АӨК даму бағдарламасы шегінде ауыл шаруашылығы өнімдерінің бірқатар түрлерін өндіру көлемін арттырудың қарастырылуы шығарылым көлемін өсіруге және ауыл шаруашылығы саласының ел экономикасына үлесін көбейтуге мүмкіндік береді. Тиімді сала ретінде ауыл шаруашылығының одан әрі даму үшін әлеуеті жеткілікті.

Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің екінші деңгейлі құжаттарына, әсіресе мемлекеттік бағдарламаларға жүргізілген талдау жұмыстары көрсеткендей, «Нұрлы жол» мемлекеттік бағдарламасы шегінде де «ауыл шаруашылығында еңбек өнімділігін арттыру» ауыл шаруашылығы дамуының тікелей нәтижелерінің көрсеткіштері қарастырылды. Мұнда өсу 2019 жылға қарай 1300 мың теңге немесе 2016 жылмен салыстырғанда 90% шамасын құрайды.

Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің үшінші деңгейлі құжаттарында ауыл шаруашылығы дамуының мәселелері көрініс табады. Ауыл шаруашылығының дамуы бойынша негізгі құзырлы орган Ауыл шаруашылығы министрлігі болғандықтан, ауыл шаруашылығы дамуының мәселелері Ауыл шаруашылығы министрлігінің 2017-2021 жылдарға арналған Стратегиялық жоспарында қарастырылды. Құжаттың негізгі мақсаты агроөнеркәсіптік кешеннің бәсекеге қабілеттілігін арттыру, су, орман шаруашылығы мен жануарлар әлемінің тұрақты дамуы, мемлекеттік саясатты тиімді қалыптастыру мен жүзеге асыру арқылы жер ресурстары туралы ақпараттың қолжетімділігін арттыру. Бұл құжатқа сәйкес АӨК саласында өндіріс тиімділігін

және ресурстармен қамтамасыз ету деңгейін арттыру, балық, орман мен жануарлар әлемі, табиғи-қорық қорлары объектілерінің ресурстарын сақтау, тиімді пайдалану және қайта өндіру, ресурспен қамтамасыз ету деңгейін арттыру қарастырылады [8]. Индикаторлардың бірі болып табылатын нақты өнім көлемі индексі 2021 жылға қарай 2015 жылдың көрсеткішіне қатысты 130%, егін шаруашылығы өнімдерін өндіру көлемінің өсуі 2015 ж. көрсеткішіне қатысты 33% құрауы жоспарлануда.

Аймақтың даму бағдарламасы шегінде «азық-түлік өнімдерін өндірудің негізгі капиталына нақты инвестициялар көлемінің индексі» индикаторы қарастырылды. Мұнда ең жоғарғы өсім 2014 жылмен салыстырғанда 2020 жылға қарай Қызылорда облысында – 14,2%, Жамбыл облысында – 10,4%, Алматы қаласында – 8%, Ақтөбеде – 7,8% көзделеді.

Агроөнеркәсіптік кешенінің негізгі сфералары тек салалық құрамымен, технологиялық ерекшеліктерімен, өндірілген өнімнің түрі және мәнмен ғана емес, сонымен бірге нарықтық параметрлерімен де айқындалады. Ауыл шаруашылық кешені нарықтың әр түрлі үлгілерінің үйлесімі мен өзара іс-қимылын білдіреді, соның нәтижесінде фирмалардың бәсекелестік бейімділігінің әр түрлі үлгілерін танытады [қараңыз 3].

Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің стратегиялық және бағдарламалық құжаттарына жүргізілген талдау жұмыстары келесі қорытындыларды жасауға мүмкіндік берді: құжаттардың үш деңгейі шегінде ауыл шаруашылығын дамыту бойынша қарастырылатын бірқатар шаралар ауыл шаруа-

шылығы өнімдерінің жалпы шығарылымына әсер етіп және елдің ЖІӨ-іне үлесін арттырады. Сонымен бірге, талдау жүргізу үдерісінде қолданыстағы бағдарламалық құжаттарда жоспарланған мәндердің бірнеше сәйкессіздігі анықталғандықтан, барлық мәндерді бейімдеуге кеңес беріледі.

Әдебиеттер тізімі

1 Қазақстан Республикасы нормативтік-құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі //Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жоспарлау жүйесі туралы. Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 18 маусымдағы №827 Жарлығы [Электронды ресурс].-2009.-URL: <http://adilet.zan.kz/rus/docs/U090000827> (анықтама мерзімі: 18.06.2009.)

2 Қазақстан Республикасы нормативтік-құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі//«Ұлттық экспорттық стратегия» бағдарламасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 26 тамыздағы №511 Қаулысы. [Электронды ресурс]. – 2017. – URL: <http://adilet.zan.kz/rus/docs/P1700000511> (анықтама мерзімі : 26.08.2017).

3 Баранова Н.А. Ауыл шаруашылық мекемелерін дамыту стратегияларын қалыптастыру // «Аграрлық нарық проблемалары».- 2017.-N 4 . –Б.98-105.

4 Бобровин Ю.А. Научное обеспечение стратегии устойчивого развития АПК // Аграрная наука с.-х. производству Сибири, Монголии, Казахстана и Кыргызстана / РАСХН. Сиб. отделение.- 2005.- Т.1.- С.17-20.

5 Джусибалиева А.К., Мурсалова Х.Н. // Қазақстанның ұлттық экономика жүйесіндегі аграрлық секторы «Аграрлық нарық проблемалары».- 2017. N2.- Б. 45-52.

6 ҚР Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің деректері. <https://stat.gov.kz>

7 Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің 2017-2021 жылдарға арналған Стратегиялық жоспары // Ауыл ша-

руашылығы министрінің 2016 жылғы 30 желтоқсандағы №541бұйрығы.

8 Нәтижелерге бағдарланған мемлекеттік жоспарлау жүйесін жетілдіру тұжырымдамасы // Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 ж. 28 тамыздағы №625 Жарлығы.

Әдебиеттер тізімі

1 Қазақстан Республикасы нормативтік-құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі //Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жоспарлау жүйесі туралы. Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 18 маусымдағы №827 Жарлығы [Электронды ресурс].-2009.-URL: <http://adilet.zan.kz/rus/docs/U090000827> (анықтама мерзімі:18.06.2009.)

2 Қазақстан Республикасы нормативтік-құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі// «Ұлттық жекспорттық стратегия» бағдарламасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 26 тамыздағы №511 Қаулысы. [Электронды ресурс].-2017.-URL: <http://adilet.zan.kz/rus/docs/P1700000511> (анықтама мерзімі : 26.08.2017).

3 Baranova N.A. Auyl sharuashylyq mekemelerin damytu strategijalaryn qalyptastyru // «Agrarlyq naryq problemalary».-2017.-N 4 . – B.98-105.

4 Bobrovin Ju.A. Nauchnoe obespechenie strategii ustojchivogo razvitija APK // Agrarnaja nauka s.-h. proizvodstvu Sibiri, Mongolii, Kazahstana i Kyrgyzstana / RASHN. Sib. otdelenie.- 2005.- Т.1. - S. 17-20.

5 Dzhusibalieva A.K., Mursalova H.N. // Қазақстанның ұлттық жеконмика жүйесіндегі аграрлық секторы «Аграрлық нарық проблемалары».- 2017. N2.- Б. 45-52.

6 ҚР Ұлттық жеконмика министрлігі Статистика комитетінің деректері. <https://stat.gov.kz>

7 Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің 2017-2021 жылдарға арналған Стратегиялық жоспары // Ауыл шаруашылығы министрінің 2016 жылғы 30 желтоқсандағы №541бұйрығы.

8 Nәtizhelerge bardarlanfan memlekettik zhosparlau zhүйesin zhetildiru тұжырымдамасы // Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 28 тамыздағы №625 Жарлығы.

Республики Казахстан. Представлена динамика объемов производства сельскохозяйственной продукции, финансирования из республиканского бюджета за 2010-2016гг., кредитования и налогообложения сельскохозяйственных товаропроизводителей. Даны рекомендации по эффективному использованию бюджетных средств, предложения по сокращению финансирования мер, наносящих значительный ущерб функционированию рынков в условиях Всемирной торговой организации.

Abstract. The authors note that the main task of State regulation of economic development of the industry in the context of the WTO is the reorientation of support for agricultural sector in favor of measures permitted by the rules of this organization, including optimizing the structure of budget expenditures of various levels by reducing direct budget support programs, which requires the implementation of result oriented budgeting principle (ROB). The main issues of fiscal policy in agricultural and industrial complex of the Republic of Kazakhstan have been revealed. The dynamics of the volume of agricultural production, financing from the republican budget for 2010-2016, lending and taxation of agricultural commodity producers is presented. Recommendations are given on the effective use of budgetary funds, proposals to reduce the financing of measures that cause significant damage to the functioning of markets in the conditions of the World Trade Organization.

Түйінді сөздер: агроөнеркәсіптік кешен, мемлекеттік реттеу, ДСҰ, республикалық бюджет, салықтар, субсидиялар, несиелер, жұмыс істеу, бюджеттеу, мемлекеттік қолдау.

Ключевые слова: агропромышленный комплекс, государственное регулирование, WTO, республиканский бюджет, налоги, субсидии, кредиты, финансирование, бюджетирование, государственная поддержка.

Key words: agro-industrial complex, State regulation, WTO, republican budget, taxes, subsidies, loans, financing, budgeting, public support.

Кіріспе. Аграрлық секторды мемлекеттік реттеуді жетілдіру жолдарының маңызды қадамына ДСҰ ережелері негізінде аграрлық секторды қолдауға бағдарлану болып табылады. Мәселе негізінен тікелей бюджеттік қолдау бағдарламаларын қысқарту есебінен, әртүрлі деңгейлердегі бюджеттердің шығыс құрылымын оңтайландыруға бағытталу керек. ДСҰ жағдайында аталмыш мәселені шешу маңызды әрі өзекті. ДСҰ аграрлық секторды либералды қолдауға бағытталған қызметі, саланы қолдау шараларын тоқтатуға емес, керісінше қолдау формаларының өзгеруін айқындайды. Осыған байланысты нарықтың қызмет етуіне елеулі зиян әкелетін қаржыландыру шараларын қысқартуды және рұқсат етілген қолдау шараларына шығындарды арттыруға бағытталу керек. Секторды дамытуға бағытталған шаралардың ішінде өндірушілерді қолдау бағдарламалары қысқа уақыттағы мәселелерді шешуге бағытталмайды, жалпы сала мүддесі мен саясатын қайта бағдарлауға негізделеді. Бюджеттік қызметті қаржыландыруда қаражаттарды қайта бөлу жұмыстарын жүргізуге бағытталу керек.

Зерттеу материалдары мен әдістері. Агроөнеркәсіптік кешен кәсіпорындарының жұмыс істеуінің түрлі аспектілеріне арналған шетелдік және қазақстандық ғалым-

дардың көптеген еңбектері еліміздің агроөнеркәсіп кешеніне сандық және сапалық талдау жүргізуге бағытталды, қазіргі жағдайдағы саланы дамыту үрдістерін анықтады, саланың теориялық және қолданбалы сипаттағы өзекті мәселелерін тұжырымдады. Агроөнеркәсіп кешені кәсіпорындарына, әсіресе ДСҰ контекстінде қаржылық қолдау көрсету мәселесі салыстырмалы түрде аз зерттелген. Аграрлық сектор субъектілерінің қаржы ресурстарын пайдалануды бағалаудың қолданыстағы әдістері, сондай-ақ қазіргі жағдайдағы еліміздің ауыл шаруашылығының ерекшелігін ескере отырып, субъектілердің қаржылық тұрақтылығын бағалаудың әртүрлі әдістемелік мәселелері қайта қаралуы қажет.

Жоғарыда қарастырылған мәселелерге байланысты, республикадағы агроөнеркәсіптік кешен кәсіпорындарының қызметін тиімді қаржылық қолдау тетіктерін кешенді зерттеу уақтылы болып табылады және осы жағдай зерттеудің өзектілігін сипаттап отыр. Зерттеу нәтижелерінің маңыздылығы оның теориялық, әдістемелік және практикалық тұжырымдамаларында, зерттеу қорытындылары республиканың агроөнеркәсіптік кешені кәсіпорындарын қаржылық қамтамасыз ету проблемасын шешуге мүмкіндік береді, бұл елдің индустриалды

жеттік қаражатты пайдалану тиімділігінің принципі берілген қаражатты пайдалануда жоғары нәтижелерге жету немесе аз шығынмен барынша жоғары нәтижеге жетуде ресурстарды үнемдеуге негізделеді [4].

Сонымен, нәтижеге бағдарланған бюджеттендіру қағидасы бюджеттік шығындардың тиімділігін жоғарылатудың сапалы құралы. Аталмыш қағиданы жүйелі қолдану арқылы қаржыны басқару саласында оң нәтижеге қол жеткізілуі мүмкін.

Біздің көзқарасымыз бойынша бюджеттік қаражатты тиімді қолдану мен оның нәтижелерін іске асыруға байланысты агроөнеркәсіп кешенін бюджеттік қолдау бағдарламаларын басқарудың негізгі қағидаларын жүйелендіруге болады:

- экономикалық өсу әлеуеті бар, агро-кешенді айқындайтын саланы инвестициялаудың басымдықтары;

- құқықтық органдар арқылы бекітілген мақсаттарға сәйкес қаражатты пайдалану;

- бюджеттік бағдарламалар әкімшілігімен қарым-қатынас жүйесінің тиімділігі;

- жан-жақты есеп пен есеп-берудің болуы, белгілі кезең ішінде өндірілген қызметтен түскен кіріс пен оның көлемін сәйкестендіру.

Қазақстан Республикасында бюджеттік үрдістердің тиімділігі АӨК шығыстарының бюджеттік шығыстарында келтіріледі. Аграрлық сектордағы шығындардың функционалдық жіктемесі ДСҰ қажеттілігі үшін «сары қорап» және «жасыл қорап» шаралары, ауыл шаруашылық өндірушілерін қолдау мен жалпы қаржыландыру қызметтері арқылы іс-шараларды анықтауға, әлемдік қауымдастықта қабылданған қолдау шараларының топтарға бөлу арқылы қалыптастырылады. Ауыл шаруашылығы шығыстарына ауыл шаруашылығын дамыту мен агроөнеркәсіп секторындағы барлық шығындар кіреді. Бюджеттің басқа бөлімдерінде ауыл шаруашылығын қолдау туралы шаралар қарастырылмаған, бұл отандық бюджеттік жоспарлау және халықаралық мониторинг үшін (мысалы, ДСҰ қажеттілігі үшін) ашықтықтың көрінісі болып табылады.

Республикалық бюджет – «Қазақстан-2050» Стратегиясын жүзеге асырудың негізгі құралы. Агроөнеркәсіп кешенін реттеуде субъектілерді бюджеттік және бюджеттен тыс қолдау нысандары арқылы жүзеге асырылады. Агроөнеркәсіп кешенін реттеу бағдарламаларын әзірлеу және іске асыру, бюджеттің барлық деңгейлерінде қаражат көмегімен бюджеттік қызметтерді

ұсыну шаралары бюджеттік қолдау нысанына жатқызылады.

Бюджеттік қаражаттарды жұмсауды талап етпейтін агроөнеркәсіп саясаты, сонымен қатар баға және тарифтік реттеу; ауыл шаруашылық өнімдері мен азық-түлік экспорт-импорты бойынша сыртқы саудалық реттеу; жеңілдіктерді, тыйымдарды және шектеулерді орнату шаралары бюджеттен тыс қолдау нысанына жатады.


«Сары қорап» шаралары Қазақстандағы бюджет қаражаты есебінен ауыл шаруашылығын қолдаудың негізгі құралдарының бірі. Сонымен бірге, шығыстардың 50%-дан астамы «сары қорап» шараларымен байланысты ағымдағы бағдарламалармен қамтылған. Қазақстанда «көк қорап» шаралары қолданылмайды.

Осылайша, қаржыландыру жүйесі ауыл шаруашылық өнімдерінің өндірісін ұлғайту және өндіріс құнын төмендету үшін ынталандыру арқылы сала қызметінің нығаюына ықпал етуі тиіс. Мұның бәрі бюджеттік қаржыландыру бағытының ғылыми тұрғыдан дұрыс негізделгендігін, бюджет қаражатын ұсынудың формалары мен әдістерін, қаражат берілетін субъектілердің құрамын анықтаудың маңыздылығын көрсетеді [5].

2010-2016 жылдар аралығында агроөнеркәсіптік кешенді дамытуға арналған республикалық бюджеттің шығыстары 1368,0 млрд. теңгені құрады, ал 2010 жылмен салыстырғанда 2016 жылы шығындар 22 млрд. теңге немесе 12,8%-ға өсті (1 сурет).

Айта кету керек, 2003 жылдан 2005 жылға дейін қаржыландырудың ұлғаюы байқалды, бұл кезең ауылдық елді-мекендерді көтеру жылдары деп жарияланды, сондай-ақ агроөнеркәсіп кешенінің тиімділігін арттыруға бағытталған шараларды көздейтін Мемлекеттік АгроАзық-түлік бағдарламасы жүзеге асырылды.

2011 жылы қаржыландыру 229 млрд. теңгені құрады. 2011 жылы агроөнеркәсіптік кешенді дамытуға республикалық бюджеттің шығыстары 2010 жылмен салыстырғанда 104,1%, 2012 жылы 2011 жылмен салыстырғанда - 99,6%, 2013 жылы 2012 жылмен салыстырғанда - 80,7% ал 2014 жылы 2013 жылмен салыстырғанда - 87,5% құрады. Республикалық бюджеттен қаржыландырудың төмендеуі Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан агроөнеркәсіптік кешеннің дағдарысқа қарсы шараларын жүзеге асыру үшін қосымша қаражат бөлінгеніне байланысты болды.



Ескерту: [1 дерек көзінен қараңыз]

1 сурет – 2010-2016 жылдар аралығында агроөнеркәсіптік кешенді дамытуға арналған республикалық бюджеттің шығыстары млрд. теңге

Отандық ауыл шаруашылық тауар өндірушілерін қолдау және дамыту шеңберіндегі мемлекеттік реттеудің маңызды әдістерінің бірі субсидиялар болып табылады. Соңғы кездері субсидиялаудың жыл сайынғы өсу қарқыны байқалды. 2001-2009 жылдар аралығында Қазақстанның агроөнеркәсіптік кешені кәсіпорындарына 108,9 млрд. теңге сомасында субсидия берілген, ал өсім 100,1 есеге өсті.

Қаражаттың басым бөлігі ауыл шаруашылығын дамыту бағдарламасына (ауыл шаруашылық өнімдерін өсіру, қайта өңдеу,

сапасын жоғарылату, өнімділігі) - 91,1 млрд. теңге немесе 83,7% және ауыл шаруашылығын дамытуды қолдау бағдарламасына (қаржы лизингі және заемдар бойынша сыйақы ставкаларын субсидиялау) - 11,2 млрд. теңге немесе бөлінген қаражаттың жалпы сомасының 10,3%-ы тиесілі. 2011 жылдан 2015 жылға дейінгі кезеңде субсидиялаудың өсу қарқыны өсімдік шаруашылығында - 2,2 есеге, мал шаруашылығында - 3 есеге өскені байқалады (2 кесте).

2 кесте – Қазақстан Республикасындағы өсімдік және мал шаруашылығын субсидиялау, 2011 - 2016 жж., млрд. теңге

Атауы	2011	2012	2013	2014	2015	2011 ж. салыстырғандағы 2015 жылғы өсу қарқыны %
Өсімдік шаруашылығы	29,5	31,4	39,5	66,6	64,6	2,2 есе
Мал шаруашылығы	23,1	31,4	38,4	49,3	69,1	3,0 есе

Ескерту: [1 дерек көзінен қараңыз]

АӨК-ні табысты дамытудың алғышарты – ауыл шаруашылығы тауар өндірушілердің несиеге қолжетімділігі болып табылады. Қазақстанның несие секторы ауыл шаруашылығында маңызды рөл атқарады, бірақ оның әсері ірі шаруашылықтар және кәсіпорындармен шектеледі. Саладағы басты міндет – ауыл шаруашылық өндірушілерінің табыстарын өсіруге, бәсекеге қабілеттілікті жоғарылауға, дамытуға мүмкіндік беруші ресурс-тарға қолжетімділікті арттыру және шағын шаруашылықтардың игілігі үшін ауыл шаруашы-

лығында қаржылық делдалдық қызмет көлемін барынша ынталандыру.

Ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілер үшін несиелік механизм пайыздық мөлшерлемелерді төмендетуге, фьючерстер мен форвардтық операцияларды дамытуға мүмкіндік беруі керек. Осылайша, 2016 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша екінші деңгейдегі банктердің және «ҚазАгроҰБХ» АҚ-ның ауыл шаруашылығындағы жиынтық несиелік портфелі 1488,0 млрд. Теңгені құрады, оның 66%-ы ЕДБ-ге, ал «ҚазАгро» компаниялар тобына 34%-ы тиесілі.

Экономический механизм хозяйствования

3 кестедегі мәліметтерді талдайтын болсақ, екінші деңгейлі банктердің 2012-2016 жылдарға арналған ауыл шаруашылығына берілген кредиттер көлемі 675,0 млрд. теңгеге дейін немесе 2 есеге дейін өсті. Алайда, сауда саласымен салыстырғанда бұл көрсеткіш 4 есеге, ал өнеркәсіп саласымен салыстырғанда 3 есеге аз. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің деректері бойынша, Қазақстан Республикасы экономикасы секторлары бойынша, оның ішінде ауыл шаруашылығына берілген несиелер көлемі жыл сайын артып келеді. Сонымен қатар, агроөнеркәсіптік кешен секторындағы несиелердің үлесі


2015 жылы 8% құрады, бұл 2011 жылмен салыстырғанда 54%-ға төмен.

Ауыл шаруашылығын қолдаудың жаңа құралдарының бірі салық болып табылады. 2015 жылға арналған салық органдарының деректері бойынша, ауыл шаруашылығы құрылымдары бюджетке 33,6 млрд. теңге салық пен басқа да төлемдерді төледі. Салық құрылымындағы көп үлес ҚҚС тиесілі (орта есеппен 5 жыл ішінде - 53,5%). Сонымен бірге, өзіндік құн бойынша салықтың үлесі 5-6% құрайды. Экономиканың барлық салалары бойынша түсімдердің жалпы көлеміндегі ауыл шаруашылығының үлесі орта есеппен 0,5% құрайды (2 сурет).

3 кесте – Экономика салалары бойынша банктердің несиелері, 2012 -2016 жж. млн. теңге

Салалар	2012	2013	2014	2015	2016
Республика бойынша барлығы	9958040	11291 548	12105 684	12674 245	12708 324
Оның ішінде:					
өнеркәсіп	1193727	1282 613	1369226	1698638	1811601
Ауыл шаруашылығы	322025	375431	485002	653644	674655
құрылыс	1397017	1383302	1143174	991739	955579
транспорт	423831	395590	434385	609183	561002
байланыс	78376	89929	96925	136715	147556
сауда	1998683	2207340	2419861	2645676	2674418
Басқа да салалар	4544381	5557344	6157111	5938650	5883512

Ескерту: [6] әдебиет көзі негізінде құрастырылған



Ескерту: [1 деректер негізінен қараңыз]

2 сурет – Ауыл шаруашылығы саласы бойынша бюджетке кірістердің қарқыны, бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер және әлеуметтік сақтандыруға аударымдар, млрд.теңге

Тұжырымдар. Сонымен, ұлттық экономиканың аграрлық секторы еңбекті қолдану мен өндіріс саласы ғана емес, сонымен қатар ел халқының басым бөлігінің мекен етуші тұрғылықты жері. Ауыл шаруашылық өндірісінің деңгейі кезкелген елдің азық-түлік қауіпсіздігі жағдайына тікелей әсер етеді. Ауыл шаруашылығы өндіруші күштерді дамыту тұрғысынан артта қалған салыстырмалы статикалық индустрия болып табылады және өзгермелі экономикалық және технологиялық жағдайларға басқа салаларға қарағанда баяу бейімделеді. Сондықтан көптеген дамыған елдерде ауыл шаруашылығының тиімді жүйесі бар, мемлекет тарапынан реттелетін саясат жүргізіледі.

Аграрлық секторды мемлекеттік реттеуді жетілдірудің маңызды қадамы - ДСҰ ережелерімен рұқсат етілген шаралардың аясында агроөнеркәсіп секторын қолдау болып табылады. Бұл тікелей бюджеттік қолдау бағдарламаларын қысқарту арқылы түрлі деңгейдегі бюджет шығыстарының құрылымын оңтайландыру және нәтижеге бағдарланған бюджеттендіру есебінен тиімді пайдалануды жақсарту жүйесі. ДСҰ жағдайында бұл мәселені шешу өзекті. ДСҰ-ның агроөнеркәсіптік секторды қолдауды ырықтандыруға бағытталған ережелері қолдаудың күшін жою сияқты емес, тек қолдау түрлерінің өзгеруін білдіреді. Осыған байланысты нарықтардың қызмет етуіне елеулі түрде зиян келтіретін іс-шараларды қаржыландыруды қысқарту және уәкілетті қолдау шараларының шығындарын арттыру ұсынылады.

Біздің ойымызша, ауыл шаруашылығында одан әрі тұрақтандыру негізінен оның қаржылық қамтамасыз ету деңгейіне байланысты. Зерттеулер көрсеткендей, дамыған нарықтық экономикасы бар елдерде кең ауқымды және оңтайлы кәсіпорындарды қаржыландыру жүйесі дамыған. Аграрлық сектор субъектілерінің меншікті қаражаттары қосымша капиталдың көзі болмамайды, ал мұндай субъектілерде уақытша ақша қаражаты жоқ. Ағымдағы жағдай объективті түрде агроөнеркәсіптік кешенді қаржылық қолдаудың тиімді кіші жүйесін құрудың жаңа жолдарын табу қажеттілігін көрсетеді [7].

Қазақстанның ДСҰ-на мүше болуы сыртқы экономикалық қызметте отандық экономиканың мүдделерін қорғау, экспорттаушылардың мүдделерін қорғау және отандық өнімдерді әлемдік нарықта орналастырудың тиімді құралы болуға тиіс. Барлық жағдайларда қазақстандық тауарлар мен қызметтердің бәсекеге қабілет-

тілігін арттыру табыстың кепілі және Қазақстанның ДСҰ-на кіруінің оң нәтижесі болып табылады.

Әдебиеттер тізімі

1 «Официальный сайт Комитета статистики Министерства национальной экономики Республики Казахстан [Электронный ресурс].-2015.-URL: [http:// www.stat.kz](http://www.stat.kz). (дата обращения: 30.09.2017).

2 Нурумов А.А. Государственная финансовая поддержка развития АПК РК // Актуальные проблемы экономики.-Киев.-2014.-№2 (152).- С. 87-93.

3 Каменова М.Ж. The role of WTO and the Customs Union in the countrys competitiveness increase. Economic annals-XX1, Researcy Journal.- Kyiv.-2015.- №9-10.- Р. 28-32.

4 Материалы круглого стола на тему «Государственный финансовый контроль в условиях перехода на бюджетирование, ориентированное на результат: тенденции и перспективы»: Счетный комитет по контролю за исполнением республиканского бюджета. – Астана, 2012.- С.15-20.

5 Отчет Счетного комитета по контролю за исполнением республиканского бюджета за 2015 год.- Астана [Электронный ресурс] ресурс].-2015.-URL: [http:// www.esep.kz](http://www.esep.kz) (дата обращения: 27.09.2017).

6 Официальный сайт Национального банка Республики Казахстан [Электронный ресурс].-2015.-URL: [http:// www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz) (дата обращения: 30.09.2017).

7 Аймурзина Б.Т., Каменова М.Ж. Финансовые инструменты регулирования сельскохозяйственного производства Казахстана // Проблемы агрорынка.- 2017.- №3.-С. 61-65.

Әдебиеттер тізімі

1 Oficial'nyj sajт Komiteta statistiki Ministerstva nacional'noj jekonomiki Respubliki Kazakhstan [Jelektronnyj resurs].-2015.-URL: [http:// www.stat.kz](http://www.stat.kz). (data obrashhenija: 30.09.2017).

2 Nurumov A.A. Gosudarstvennaja finansovaja podderzhka razvitija APK RK // Aktual'nye problemy jekonomiki. - Kiev.- 2014. - №2 (152).- S. 87-93.

3 Kamenova M.Zh. The role of WTO and the Customs Union in the countrys competitiveness increase. Economic annals-XX1, Researcy Journal.-Kyiv.-2015.-№9-10.-Р. 28-32.

4 Materialy kruglogo stola na temu «Gosudarstvennyj finansovyj kontrol' v uslovijah perehoda na bjudzhetrovanie, orientirovannoe na rezul'tat: tendencii i perspektivy»: Schetnyj komitet po kontrolju za ispolneniem republikanskogo bjudzheta. – Astana, 2012.- S.15-20.

5 Otchet Schetnogo komiteta po kontrolju za ispolneniem republikanskogo bjudzheta za 2015 god.- Astana [Jelektronnyj resurs] resurs].-2015.-URL: [http:// www.esep.kz](http://www.esep.kz) (data obra-

shhenija: 27.09.2017).

6 Oficial'nyj sajt Nacional'nogo banka Respubliki Kazahstan [Jelektronnyj resurs].- 2015.-URL: [http:// www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz) (data obrashhenija: 30.09.2017).

7 Ajmurzina B.T., Kamenova M.Zh. Finansovye instrumenty regulirovaniya sel'skohozjajstvennogo proizvodstva Kazahstan // Problemy agrorynka.- 2017.- №3.-S. 61-65.

UDC 338.43.01

PUBLIC SUPPORT OF AGRI-INDUSTRIAL COMPLEX OF KAZAKHSTAN

ҚАЗАҚСТАННЫҢ АГРОӨНЕРКӘСІПТІК КЕШЕНІН МЕМЛЕКЕТТІК ҚОЛДАУ

**ГОСУДАРСТВЕННАЯ ПОДДЕРЖКА
АГРОПРОМЫШЛЕННОГО КОМПЛЕКСА КАЗАХСТАНА**

A. DARIBAYEVA¹

C.E.sc, associate professor

SH. KARBETOVA²

C.E.sc., associate professor

K. OTYZBAYEVA³

Master of Economic sciences,

¹*Kazakh University of Economics, Finance and International Trade*

²*Caspian University*

³*L.Gumilyov Eurasian National University*

A. ДАРИБАЕВА¹

э.ғ.к., қауымдастырылған профессор

Ш. КАРБЕТОВА²

э.ғ.к., қауымдастырылған профессор

Қ. ОТЫЗБАЕВА³

экономика ғылымының магистрі

¹*Экономика, қаржы және халықаралық сауда қазақ университеті*

²*Каспий университеті*

³*Еуразия ұлттық университеті. Л. Н. Гумилев атындағы*

A. ДАРИБАЕВА¹

к.э.н., ассоциированный профессор

Ш. КАРБЕТОВА²

к.э.н., ассоциированный профессор

K. ОТЫЗБАЕВА³

магистр экономических наук

¹*Казахский университет экономики финансов и международной торговли*

²*Каспийский университет*

³*Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева*

Abstract. The role of public support of agricultural sector in production of agricultural products has been explored. The statistical data of the share of agriculture in the GDP structure, the dynamics of the production volume of gross agricultural output in current prices, production of the main types of livestock products and processed products have been presented. The world experience of public support of agricultural sphere in comparison with domestic indicators has been analyzed. It is shown that in Kazakhstan its size is lower than in the economically developed countries. The instruments of State regulation and stimulation of agricultural market in the

driver of the economy. The president instructed to pay special attention to ensuring the growth of processing of agricultural products, labor productivity and increase the export capabilities of the industry [1].

The seasonal nature of agricultural production, high dependence on natural and climatic conditions, the existence of a constant risk in obtaining stable incomes, the price inelasticity of demand for many agricultural products and many other features lead to a weak competitiveness of agricultural products [2]. In this regard, in many developed countries, a policy is being implemented through the state support of farmers and peasant farms with a view to supporting domestic commodity producers.

Material and methods of research.

While studying specific problems of state support for the agrarian sector, a set of the following methods of economic research: monographic, program-target, abstract-logical, expert assessments were applied. The work also used such theoretical methods of research as comparisons and generalizations, scientific abstraction and synthesis. Analyzing current trends in the development of agricultural production in Kazakhstan, quantitative and qualitative research methods were used, such as comparative and systematic analysis.

The practical value of the study is due to the fact that the theoretical provisions and

recommendations, contained in the work can be used to study problems in the development of the agricultural sector. Addressing the current issues of the agrarian sector will solve not only the problem of food security of the country and the domestic consumer market, but also the reduction of imports, and also lead to the solution of an important social problem of employment of the rural population, thereby ensuring an increase in efficiency and competitiveness of production. All this will allow us to establish the trend in the development of the industry and assess the direction of further development of agriculture in Kazakhstan.

Results and discussion. During its 26 years of independence, the agro-industrial complex of the country has achieved significant results. There has been a steady increase in production based on market relations. Productivity and labor productivity are increased, renewal of fixed assets and the infrastructure of the industry are carried out, self-sufficiency in major staple food products, grain, oilseed and fish products are achieved.

In 2016, the share of agricultural production in the gross domestic product of the country was 7.8%, the share of agriculture in GDP decreased almost 4 times in 1990 (table 1) At the same time, according to statistics, in 2016, 7.624 million people or 43% of the total population of Kazakhstan live in rural areas.

Table 1 - The share of agriculture in the GDP structure (%)

Indicators	1990	1996	2000	2003	2007	2013	2014	2015	2016
GDP, %	100	100	100	100	100	100	100	100	100
The share of agriculture in GDP, %	34,0	12,1	8,1	7,9	8,4	8,1	7,9	8,0	7,8

Note: compiled by the authors on the basis of data from the Committee on Statistics [3]

According to the Committee on Statistics, gross agricultural output has a steady upward trend from 1882 billion tenge (KZT) in 2010 to 3,684 billion tenge in 2016 (table 2).

According to the analysis of the data, Table 2 shows that there has been some positive dynamics in the development of the Kazakhstan agro-industrial complex. The gross output of agricultural products in 2010-2016 changed mainly in the direction of increase, only in 2012 there was a decrease in output by 12.5% in comparison with 2011 but in 2013, the output of agricultural products tends to increase annually.

Thus, the output of agricultural products in 2016 increased by 11.4%. in comparison with 2015. The production of livestock products took an average of 55.5% of the gross agricultural output and increased by 12.1% in 2016 in comparison with 2015. Agricultural productivity for the period from 2011 to 2016 has changed from 498 000 tenge to 1544.5 thousand tenge, with an average annual growth rate of 9.3% per year.

For the period of independence, ten program documents were developed, on the basis of which the state policy of agro industrial complex was implemented. For example, the State Program for the

Экономический механизм хозяйствования

Development of the Agro industrial Complex of the Republic of Kazakhstan for 2017-2021 was launched and the main purpose of the

program is to ensure the production of competitive agricultural products in demand on the markets [4].

Table 2 - Dynamics volume of gross agricultural output production in the current prices

Indicators	2010	2011	2012	2013	2014	2015	2016
Gross output of production (services) of agriculture, billion tenge	1882	2720	2393	2949	3143	3307	3684
Gross production of plant growing, billion tenge	895	1654	1241	1683	1739	1825	2047
Gross livestock production, billion tenge	63,4	63,0	62,2	74,2	85,7	89,3	106,5
The index of the physical volume of gross agricultural products (services),%	89,5	121,5	85,2	109,7	101,0	103,4	105,4
The Index of physical volume of gross crop production, %	80,0	144,7	78,3	116,9	99,1	104,0	107,5
The Index of physical volume of gross livestock production, %	102,3	99,0	96,0	101,9	103,3	102,7	102,8

The average annual growth rates of food production in general do not keep pace with the growth rates of consumption and income of the population, as a result of which the free niche in the market is filled by imports and its share in domestic consumption remains very significant. On January 1, 2016 the production of all types of meat amounted to 931.0 thousand tons and relative to 2011 it was decreased by 0.9%. The production of milk of all kinds in 2015 amounted to 5,182,400 tons. In the structure of consumption of milk processing products, the share of imports constitutes from 10 to 40%. Internal production of eggs almost completely covers the demand of the domestic market. Exports

of commercial eggs account for about 2% of total production.

We analyzed the production of the main types of livestock products for the period 1990-2016 (table 3). These data show how much the production of vital products fell for Kazakhstan in comparison with 1990 (16.5 million), the population was increased by 10.5%

Production of meat decreased from 1559.6 to 960.7 thousand tons or by 61, 6%. In the structure of consumption at the end of 2015, the share of beef imports was 3.7%, pork - 3.9%, horse meat - 3%, mutton - 0.01%, which indicates a high export potential of these products. Despite the growth in poultry meat production, the degree of import dependence on this product remains high (54%).

Table 3 - Production of main types of livestock products for 1990-2016

Year	Meat (in slaughter mass), thousand tons	Milk, thousand tons	Eggs, million units	Wool (in physical weight), thousand tons
1990	1559,6	5641,6	4185,1	107,9
1995	984,8	4619,1	1840,8	58,3
2000	622,6	3730,2	1692,2	22,9
2007	838,7	5073,2	2664,2	34,2
2010	937,4	5381,2	3720,3	37,6
2012	844,7	4851,6	3673,4	38,4
2013	871,0	4930,3	3896,0	37,6
2014	900,2	5067,9	4291,2	37,8
2015	931,0	5182,4	4737,0	38,0
2016	960,7	5341,6	4757,2	38,5

Note: compiled by the authors on the basis of data [see 3]

The production of milk for the analyzed period decreased from 5641.6 to 5341.6 thousand tons, i.e. by 5.3%. However, the production of milk of all kinds in 2016

increased by 3% as compared to 2015, which establishes a positive factor of an increase direction.



It should be noted that egg production in Kazakhstan for the past 3 years has exceeded the level of 1990. In 2016, egg production increased by 13.6% and amounted to 4,757.2 million units. But wool production was decreased by 3 times lower than it was in 1990, it has been cut 38,5 thousand tons for

the year. This sharply affects the woolen industry.

In connection with the importance of ensuring the growth of processing of agricultural products, we will consider the production of processed products by main groups (table 4). These data confirm the positive trend of growth.

Table 4 - Production of processed products by major groups

Index	2012	2013	2014	2015	2016
Manufacture of foodproducts	865,6	970,1	1103,5	1095,0	1448,4
Processing and preserving of meat and manufacture of meat products, billion tenge	188,0	210,3	218,8	228,3	220,3
Beverage production, billion tenge	181,9	202,5	233,1	216,3	254,3
Production of vegetable oil, thousand tons	292,6	280,8	329,4	290,3	312,3
Meat and by-products food, thousand tons	188,1	210,3	228,9	228,3	220,3
Processed liquid milk and cream, thousand tons	372,5	440,4	472,9	453,6	472,4
Production of dairy products, thousand tons	413,3	476,1	481,8	500,2	500,6
Flour from cereal crops and plant, thous, tons	3846,5	4008,9	3882,9	3741,2	3974,0
Chocolate, confectionery products, chocolate and sugar, thousand tons	96,4	93,4	101,1	76,5	106,0

Note: compiled by the authors on the basis of data from the Committee on Statistics [see 3]

At present, new trends in the world agrarian economy and demography are forming, integration processes in the region have developed in real terms, global external economic changes have taken place, Kazakhstan has entered Eurasian Economic Union and the World Trade Organization (WTO). Despite these positive processes, the agrarian sector remains one of the problem areas of Kazakhstan's economy. In these conditions, the participating countries should expand their sales markets and ensure the growth of foreign trade, price growth should be regulated, and a competitive environment that creates impulses for increasing competitive domestic products should be formed [5].

However, the low level of labor productivity in the industry, the use of imperfection of the technologies, the small-scale production do not allow to conduct agricultural production on an intensive basis to ensure the fullest use of material, labor and other resources, meet environmental requirements, reduce the competitiveness of the domestic agrarian sector and in the conditions of the WTO and the Eurasian Economic Union, it can lead to the dominance of imports of foreign products, the replacement of local producers from markets.

All kinds of subsidies and grants to the agricultural sector in developed countries make up 40% to 80% of the cost of agricultural products. For example, in Austria,

the level of state support to agriculture is 44%, in Canada -35%, in the European Union -38%, in Finland -72%, in Sweden-47%, in Switzerland -76%, in The United States - varies from 27 to 40% in the years [6].

Социальные проблемы села

түрде темекі және ішімдік өнімдерін тұтынуды назарға ала бермейміз. Атап айтатын болсақ, темекіні тұтыну салдарынан жыл сайын 7,2 млн адам қайтыс болады

(сонымен бірге екіншілік темекі түтінінің әсер етуі зардаптарынан), және болжам бойынша болашақта бұл сан айтарлықтай өсуі мүмкін.

3 кесте – Тамақтандыру өнімдерін тұрғындардың орташа жан басына шаққандағы жылдық тұтынуы

Тағамдық өнімдердің атауы	Барлық халық		Тұратындар:			
	2015	2016	қалалық елдімекенде		ауылдық елдімекенде	
	2015	2016	2015	2016	2015	2016
Бидай наны	55,0	56,2	48,3	48,8	63,7	65,9
Бидай ұны	24,0	24,7	21,8	22,9	27,0	27,1
Күріш	15,7	15,4	14,8	14,6	17,0	16,5
Макарон өнімдері	24,2	23,7	20,2	20,1	29,3	28,4
Картоп	48,5	48,6	48,7	49,1	48,2	47,9
Көкөніс	90,2	89,3	90,4	89,3	89,9	89,3
Бақша өнімдерін қосқандағы жемістер мен жидектер	64,4	61,4	69,4	63,9	57,8	58,0
Сиыр еті	25,0	24,5	27,0	26,5	22,4	21,9
Қой еті	6,9	6,8	2,9	2,6	12,2	12,3
Шошқа еті	3,1	3,0	3,0	2,9	3,2	3,2
Құс еті	15,7	14,8	16,9	16,2	13,5	13,0
Шұжық өнімдері, ысталған еттер	8,3	8,3	9,6	9,4	6,6	6,7
Тұтас сүт, л	46,2	45,5	43,1	43,3	50,3	48,4
Қаймақ	4,6	4,9	5,0	5,3	4,1	4,4
Қант	21,5	20,7	21,2	20,3	21,9	21,3
Балық және балық консервілері	11,1	10,7	11,3	10,7	11,0	10,7
Жұмыртқа, дана	164,0	164,7	180,9	179,7	141,8	144,8
Шәй	2,4	2,4	2,3	2,3	2,5	2,5

Дереккөз мәліметтері бойынша құрастырылды [қараңыз 6].

4 кесте – Тұрғындардың тұтынған тамақтану өнімдерінің энергиялық құндылығы мен тағамдық заттарының құрамы

	Тұрғындардың тұтынған тамақтану өнімдерінің энергиялық құндылығы, ккал	Энергиялық құндылықтарға мейлінше аз қажеттіліктер, ккал	Тамақтану калориялығы мейлінше аз жеткілікті деңгейден төмен тұрғындардың үлесі, %	Тұрғындардың бір күндік мәзірінде тұтынылған тамақтану өнімдерінің тағамдық заттарының құрамы, %		
				ақуыздар	майлар	көміртектер
ҚР, соның ішінде:	3142	1819	2,7	12,5	4,0	53,0
Қалалық елдімекен	3092	1824	2,8	12,7	35,4	51,9
Ауылдық елдімекен	3209	1813	2,1	12,2	32,3	55,5

Ескерту: [қараңыз 6] деректері бойынша автормен құрастырылды

Ағымдағы жылдың қаңтар-қазан айларында елде барлығы 14,3 млрд сигара, черут, сигарилл, сигарета, темекіден папирос немесе оның алмастырушылары өндірілді. Бұл 2016 жылдың сәйкесті кезеңіндегі шығарылым көлемінен 11,7%-ға кем [қараңыз 6]. Осы жылы темекі өнімдерін өндіру жаңа минимумға жетті.

Ұсыныс көлемі темекі компанияларының өнімдеріне сұраныстың кенеттен қысқаруы салдарынан төмендей түсті. Соңғы

деректер бойынша ағымдағы жылдың 9 айы ішінде ішкі нарықта 15,4 млрд сигарета мен папирос сатылды [қараңыз 6]. Сигарета мен папиросты тұтынудың төмендеу себептеріне талдау жүргізушілер темекі шегуге қарсы күрес ретінде ҚР Заңының қатаңдауын жатқызуда, Қазақстан 10 жыл бойы Бүкіл-әлемдік денсаулық сақтау одағының темекіге қарсы күрес бойынша Негіздемелік конвенцияның қағидаларын ұстануда.

БДО деректері бойынша салауатты мәзірге күніне 400 г жемістер мен көкөністерге кіреді, картоп кірмейді, дені сау дене массасы бар адам үшін 50 г қант кіреді, мұнда салауатты мәзірдің құрамына өндірістік трансмайлардың кірмейтіндігін ескере отырып, майлар жиынтық энергияның 30%-ынан кем мөлшерде құрауы тиіс екендігін атап өту қажет. Көптеген адамдар натрийдің шамадан тыс көп мөлшерін тұз түрінде (күніне 9-12 г тұз) қолданып, калийді жеткіліксіз мөлшерде қолданады. Егер де күніне 5 г-нан кем ұсынылатын мөлшерде тұзды тұтынуды қысқартқан жағдайда 1,7 миллион өлім-жітім жағдайының алдын алуға болатын болады. Тұзды күніне 5 г-нан кем мөлшерде шектеп пайдалану гипертониясының алдын алуға жағдай туғызады және ересек адамдарда жүрек ауруларын және инсульт қаупін төмендетеді. БДО мүше елдері тұзды қолдануды 30%-ға қысқартуға келісті және 2025 жылдың соңына қарай ересек адамдар, жасөспірімдер мен балалар арасында диабет пен семіздіктің артуын тоқтатуға келісім жасасты. Сауықтыру әсерін алу үшін жалпы келіп түсетін энергияның 10%-ынан кем мөлшерде ағзаға еркін қанттардың келіп түсуі ұсынылады, ал ол егер жалпы энергияның 5%-ынан кем мөлшерде болса, онда тіпті құба-құп болады [қараңыз 4].

Жыл сайын натрийді/тұзды шектен тыс пайдалану салдарынан 4,1 млн адам қайтыс болады. Ішімдікті пайдалану нәтижесінде бір жылда қайтыс болатын 3,3 млн адамның жартысынан астамы жұқпалы емес аурулардан, соның ішінде обыр ауруларынан қайтыс болады. Бір жылдағы өлімжітімнің 1,6 млн жағдайы дене белсенділігінің жеткіліксіз болуына байланысты орын алады.

Қазақстанда 4,1 г мөлшерде тұзды пайдалану нормасы белгіленген, ол БДО ұсынған 5 г мөлшерінен де төмен. Ақуыз көздерінің арақатынасы БДО ұсыныстарына сәйкес келмейді, оларға сәйкес ақуыздардың 50%-ы өсімдікті ақуыздар болуы тиіс. Өсімдікті ақуыз бұршақтарда, саңырауқұлақтарда, дәнді дақылдарда болады. Бізде бұршақтарды тұтынудың нормалары бар, бірақ нақты тұтыну статистикасы жоқ.

«БДО-ның Тамақтану, дене белсенділігі және денсаулық жөніндегі ауқымды стратегиясына», «2013-2020 жж. арналған Жұқпалы емес аурулардың алдын алу және олармен күрес жөніндегі ауқымды іс-қимылдар жоспарына» сәйкес аналар мен емшектегі және сәби жастағы балалардың тамақтануы саласындағы қызметінің барлығын қамти отырып жүзеге асыру жос-

пары әлем елдеріндегі толыққанды емес тамақтануды жеңуге бағытталуы тиіс [7-9].

Біздің елімізге тағамдық өнімдердің қауіпсіздігі мен сапасын реттейтін тиісті нормативті-құқықтық базаны құру бойынша шаралар қажет. Сонымен қатар агрохимикаттарды орнымен пайдалану, тұтынушылар үшін ақпараттың сапасын арттыра отырып, жетілдіру қажет. Денсаулық сақтау жүйесі жан-жақты медициналық қызметті барлығына көрсетуде қолжетімділікті қамтамасыз етуі тиіс, салауатты өмір салтына үгіт-насихат жүргізуді және аурулардың алдын алуды, емдеуді және сауықтыруды қарастырады, тамақтану аймағындағы саясат халықтың осал топтарына бағытталуы тиіс.

Тамақтану саласындағы жүргізілген кең ауқымды зерттеулер тамақтану өнімдерін сандық жағынан тұтынудың нормаларын жасауға ғана емес, өнімдердің құрамын ақуызбен және дәрумендік қосымшалармен молайту есебінен олардың биологиялық құндылықтарын арттыруға және дәстүрлі емес шикізатты пайдалануға бағытталды.

Осы зерттеулердің нәтижесінде тамақтану өнімдері өндірісінде қалдықсыз технология (сарысудан, сары майдан (пахта) алынатын өнімдер, бұршақты дақылдардың тұқымдарын қолдану және т.б.) кеңінен таралды, олардың міндеті азық-түлік пен дәстүрлі азық-түлік шикізатының жетіспеушілігі мәселелерін шешу, сонымен қатар қолдағы мүмкіндіктерді барынша пайдалана отырып, тұрғындардың денсаулығын сақтау мен нығайту болды. Осы ережелерден шыға отырып, тамақтану өнімдерін тұтыну нормалары болып «нақты өнімдермен жабылатын қажеттіліктер» түсініле бастады.

Тұжырымдар. Салауатты тамақтану үшін қолайлы жағдайлар жасауда орталық рөлді үкіметтер атқарады, олар халыққа салауатты тамақтануды қабылдауға және оны сақтауға мүмкіндік береді.

Сауда, тамақ өнеркәсібі және ауыл шаруашылығы саласында салауатты тамақтануға қолдау көрсету және тұрғындардың денсаулығын қорғау үшін шаралар қарастырылған ұлттық саясатты жасау қажет. Бұл шаралар жемістер мен көкөністерді, қаныққан майлар мен еркін қанттардан тұратын қайта өңделген тағамдық өнімдерді өндіру, пайдалану мен сату үшін ынталандырмаларды күшейтуді көздейді. Тамақтану өнімдерінің құрамын тұздарды, майларды төмендету мақсатында өзгерту бойынша, салауатты тамақтану тәжірибесіне жағдай жасайтын стандарттарды қолдану бойынша шараларды жүзеге асырады. Салауатты өнімдердің бар

болуын және бағалық қолжетімділігін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін маркетинг, салық салу, субсидияларға қатысты реттеуші және ерікті құралдарды, БДО ұсыныстарын пайдаланады.

Тамақтану өнімдеріне тұтынушылардың сауатты сұранысын олардың сауатты тамақтануға қатысында хабардарлығын жоғарылату есебінен қалыптастыру, алғашқы медицина-санитарлық қызмет көрсету аясында тамақтану мен мәзір мәселелері бойынша кеңес беру қажет.

Емшектегі және сәби жастағы балаларды тамақтандырудың тиісті тәжірибесін ұсыну: медициналық мекемелерде және жергілікті қауымдастықтарда, сонымен қатар Ауруханаларда емшек сүтімен тамақтандыру үшін қолайлы жағдайлар жасау жөніндегі бастама аясында емшек сүтімен тамақтандыруға қолдау көрсету.

Әдебиеттер тізімі

1 Молдашев А.Б. АПК Казахстана: проблемы развития и поиск их решения// Проблемы агрорынка.- 2016.- № 3.-С. 7-13.

2 Никитина Г.А. Проблемы и пути обеспечения продовольственной независимости Республики Казахстан// Проблемы агрорынка.- 2016.- № 1.-С. 15-22.

3 Аюлов А.М., Кожаметова Г.А., Есмагулова Н.Д. Развитие пищевой и перерабатывающей промышленности Республики Казахстан// Проблемы агрорынка.- 2016.- № 1.-С.78-83.

4 Официальный сайт ООН. [Электронный ресурс].-2017.-URL: <http://www.un.org/ru/sections/issues-depth/food/index.html> (дата обращения: 07.01. 2018).

5 Приказ Министра национальной экономики Республики Казахстан от 9 декабря 2016 года № 503 Об утверждении научно обоснованных физиологических норм потребления продуктов питания [Электронный ресурс].- 2017.- URL: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=34926220 (дата обращения: 07.01. 2018).

6 Официальные статистические данные Комитета по статистике Министерства национальной экономики Республики Казахстан [Электронный ресурс].-2017.-URL: <http://www.stat.gov.kz> (дата обращения: 07.01. 2018).

7 Глобальная стратегия по питанию, физической активности и здоровью. [Электронный ресурс]. - 2017.-URL: <http://www.who.int/publications/list/924159222/ru/> (дата обращения: 07.01. 2018).

8 Глобальный план действий по профилактике неинфекционных заболеваний и

борьбе с ними на 2013-2020 гг. [Электронный ресурс].- 2017. - URL: <http://apps.who.int/iris/bitstream/10665/94384/5/9789244506233rus.pdf> (дата обращения: 07.01. 2018).

9 Комплексный план осуществления действий в области питания матерей, а также детей грудного и раннего возраста. [Электронный ресурс].-2017.-URL: http://apps.who.int/iris/bitstream/10665/113048/6/WHO_NMH_NHD_14.1_rus.pdf. (дата обращения: 07.01. 2018).

Әдебиеттер тізімі

1 Moldashev A.B. APK Kazahstana: problemy razvitija i poisk ih reshenija// Problemy agrorynka.- 2016.- № 3.-С. 7-13.

2 Nikitina G.A. Problemy i puti obespechenija prodovol'stvennoj nezavisimosti Respubliki Kazahstan// Problemy agrorynka.- 2016.- № 1.-С. 15-22.

3 Ajulov A.M., Kozhahmetova G.A., Esmagulova N.D. Razvitie pishhevoj i pererabatyvajushhej promyshlennosti Respubliki Kazahstan//Problemy agrorynka.- 2016.- №1.-С.78-83.

4 Oficial'nyj sajt OON. [Jelektronnyj resurs].-2017.-URL: <http://www.un.org/ru/sections/issues-depth/food/index.html> (data obrashhenija: 07.01. 2018).

5 Prikaz Ministra nacional'noj jekonomiki Respubliki Kazahstan ot 9 dekabnja 2016 goda № 503 Ob utverzhdenii nauchno obosnovannyh fiziologicheskikh norm potreblenija produktov pitanija [Jelektronnyj resurs].-2017.-URL: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=34926220 (data obrashhenija: 07.01. 2018).

6 Oficial'nye statisticheskie dannye Komiteta po statistike Ministerstva nacional'noj jekonomiki Respubliki Kazahstan [Jelektronnyj resurs].-2017.-URL: <http://www.stat.gov.kz> (data obrashhenija: 07.01. 2018).

7 Global'naja strategija po pitaniju, fizicheskoj aktivnosti i zdorov'ju. [Jelektronnyj resurs].-2017.-URL: <http://www.who.int/publications/list/924159222/ru/> (data obrashhenija: 07.01. 2018).

8 Global'nyj plan dejstvij po profilaktike neinfekcionnyh zabolevanij i bor'be s nimi na 2013-2020 gg. [Jelektronnyj resurs].-2017.-URL: http://apps.who.int/iris/bitstream/10665/94384/5/9789244506233_rus.pdf. (data obrashhenija: 07.01.2018).

9 Kompleksnyj plan osushhestvlenija dejstvij v oblasti pitanija materej, a takzhe detej grudnogo i rannego vozrasta. [Jelektronnyj resurs].-2017.- URL: http://apps.who.int/iris/bitstream/10665/113048/6/WHO_NMH_NHD_14.1_rus.pdf. (data obrashhenija: 07.01. 2018).

бөлу, қайта бөлу және игеру үлкен мәселе болып табылады.

Нәтижелері және оларды талқылау.

Аталған мәселелерді шешу несиелеу мен қаржылау жүйесінің ашықтығын жоғарылату мен агроөндірістік кешенінің дамуына жауапты құзыретті органдар және институттардың жауапкершілігін нығайтумен, ауыл шаруашылығының нақты түрлерін несиелеудің тиімділігін бағалаумен, экономикалық баланстарды құрастырумен, климаттық ауытқулар мен бәсекелестік деңгейі және азық-түлікке сақталған сұраныстың жағдайына байланысты нарық қажет-тіліктерін болжаумен және жедел түрде логистикалық пен өндірістік инфрақұрылымды дамытумен байланысты болып табылады.

Ауыл шаруашылық кешенінің инвестициялық тартымдылығы сонымен қатар баға саясатының тартымдылығымен де анықталады, әзірше оның нақты концепциясы анықталмаған, бұл ауыл шаруашылық өнімдерін өндірушілерінің бәсекеге қабілеттілігін және жалпы нарықтық бәсекелестікті дамыту үшін маңызды болып табылады. Нәтижесінде азық-түлік өнімдеріне баға өсімін тыю туралы жедел шешімдер қабылдау қажеттігі туындайды.

Азық-түлік өнімдері өндірісінің өсуі үшін ішкі мүмкіндіктерін шектеудің негізгі мәселелерінің бірі – бұл жеткіліксіз төлем-қабілеттілік сұраныс [2]. Халықтың нақты табыс деңгейі азық-түлік бағаларына сәйкес келмейді, бұл ішкі нарықтың сыйымдылығын шектейді.

Халықтың табыс мәселелерін шешу тұтыну құрылымы мен төлем қабілеттілік сұранысын өзгертуге жағымды ықпалын тигізеді. Зерттеулер көрсеткендей, табиғи, экономикалық және ғылыми-техникалық артықшылықтары бар индустриалды дамыған мемлекеттер ауыл шаруашылық кешеніндегі халықаралық еңбекті бөлуде азық-түлік өндірісінде құрылымдық өзгерістерді қамтамасыз етіп, өндіріс көлемін ұлғайтуға мүмкіндік береді, ал дамушы мемлекеттер шикізат пен жартылай фабрикаттарды жеткізуші болып табылады.

Бұл тұрғыда ауыл шаруашылық кешеніндегі халықаралық еңбекті бөлуде Қазақстанның стратегиялық айқындамасы маңызды аграрлық потенциалды тиімді пайдалану бойынша шаралармен қамтамасыз етілуі тиіс. Мұндай қадамның қажеттілігі Қазақстан мүшесі болуға ұмтылатын ірі масштабты халықаралық азық-түлік саудасы мемлекеттің азық-түлікпен қамсыздандырылу тәуелділігін әлемдік азық-түлік нарығының жағдайына байланысты ұлғайтады [3].

Азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша агрошаруашылық кешенін дамыту мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық саясатының негізгі алғышарттарының бірі болып табылады.

Қазақстан Республикасында экономикалық өсудің жоғарғы қарқынын сақтау, баға тұрақтылығын қамтамасыз ету және экономиканың бәсекеге қабілеттілігін жоғарылату жағдайларын қалыптастыру үшін Қазақстан Республикасының 2017-2021 жылдарға арналған агрошаруашылық кешенін дамыту бойынша Мемлекеттік бағдарламасы қабылданды.

Қазақстан Республикасының 2017-2021 жылдарға арналған агрошаруашылық кешенін дамыту бойынша Мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру үшін 2017 жылы 544 млрд. теңгеге жуық, 2018 жылы – 668 млрд. теңге, 2019 жылы – 769 млрд. теңге, ал 2020 жылы 849 млрд. теңге (жалпы шығын сомасы 20 трлн. 830 млрд. теңге) қаржы бөлу жоспарланған. «Агротөлем - 2020» бағдарламасы мен су ресурстарын басқару бойынша мемлекеттік бағдарламаға бөлінген шығындардың жалпы сомасы анықталды, ол 2 трлн. 851 млрд. теңгені құрады, 2018 жылы – 728 млрд. ал 2019 жылы – 751 млрд. 2020 жылы – 714 млрд. құрайды. Бұл 2015 жылмен салыстырғанда ауыл шаруашылығының жалпы өнімділігінің 2021 жылға дейін 1 трлн. теңгеге өсімін қамтамасыз етуі тиіс, немесе ауыл шаруашылық тауар өндірушілерін мемлекеттік қолдау шаралары нәтижесінде пайданы 33%, яғни 10 рет арттыруға 68 мыңнан 679 мыңға өсуін; ауыл шаруашылық өнімдерінің теріс экспорт-импорт сальдосын 5 ретке, яғни \$1,3 млрд-тан \$300 млн-ға дейін төмендетуін; суармалы егіс аудандарын 1,4 рет арттыруға, яғни 2 млн га арттыруын қамтамасыз етуі тиіс.

Мемлекеттік бағдарламаның негізгі мақсаты агроөндірістік кешеннің бәсекеге қабілетті нарығында өндірісті талап етілген өніммен қамтамасыз ету болып табылады. Мемлекеттік бағдарламаны жүзеге асыруда келесі негізгі міндеттер анықтаған: аң шаруашылығының тиімділігін 58% және өсімдік шаруашылығының тиімділігін 40% арттыру; тауар өндірісіне 670-ке жуық ұсақ өндірушілерді тарту үшін ірі ауыл шаруашылық кооперациясын дамыту мақсатында; мақсатты бағытталған экспортты саясатты жүзеге асыру мақсатында және органикалық өнімнің қазақстандық брендін ілгерілету үшін айналымға 600 мың га жуық суармалы жерлер берілген.

Республикадағы жайылым жерлердің ауданы 182,0 млн га құрайды, олардың ішінде табиғи және себілген шабындық – 4,8 млн га, жем өндірісі үшін пайдаланылатын шабындық ауданы – 2,5 млн га құрайды. Қазақстан бидайдың ірі экспортшыларының бірі болып табылады, алдыңғы маусымның 8,252 млн тоннасымен салыстырғанда 2017-2018 маркетингтік жылында 8 миллион тоннаға жуық бидайды экспорттауды жоспарлаған.

Жақсы егіншілік нәтижесінде соңғы жылдары Қазақстан Орталық Азия, Ресей, Қиыр Шығыс, Еуропа және Кавказ нарықтарында бағаларды тұрақтандыру бойынша өз мүмкіндіктерін нығайта алды және шектес аудандарда азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша өзінің алғышарттарын жақсартуға мүмкіндік алды.

Отандық агрошаруашылық кешеніне ауыл шаруашылық өнімінің, шикізат пен азық-түліктің негізгі түрлерінің қажетті көлемін өндіру үшін базалық жағдайлардың болуы тән.

Мұндай жағдайлар және ауыл шаруашылық жерлерінің қоры Қазақстанға ауыл шаруашылық өнімдері, шикізат пен азық-түліктің негізгі түрлері бойынша ішкі қажеттіліктерін қамтамасыз етіп қана қоймай, олардың экспорттық потенциалын арттыруға мүмкіндік береді.

Дамыған мемлекеттер тәжірибесі көрсеткендей, аграрлық өндіріс индустрияландырудың өсуі нәтижесінде, жер ресурстарының болуы мен азық-түлікті тұтыну арасындағы байланыс әлсіз білінетін болып табылады, себебі жерлердің жеткіліктілігі олардың тиімді пайдалануына кепілдік бермейді және азық-түлікпен қамтамасыз ету мәселесін шешпейді. Сондықтан Қазақстан мемлекеттің азық-түлік қауіпсіздігі мәселелерін шешуде алғашқы міндеттері ретінде отандық ауыл шаруашылық өндірісінің тиімділігін арттыру, тамақ және қайта өңдеу өндірісін дамыту, агро-азық-түліктік нарықты мемлекеттік реттеу механизмдерін жетілдіру, сонымен қатар ұлттық өндірушілер талаптарына сәйкес сыртқы сауда саясатын жүзеге асыруды қамтамасыз ету болып табылады.

Азық-түлік қауіпсіздігі өзара байланысты және үйлестірілген кешенді ұйымдастырушылық-экономикалық, заңды, әкімшілік және әлеуметтік шараларды бірінен соң бірін жүзеге асыру арқылы, мемлекеттік шаралар мен агрошаруашылық кешеннің шаруашылықтары мен өндірісінің, салаларының өзіндік ішкі қорларын үйдестіру жүйесін қамтамасыз ету жолымен, олардың

шаруашылықтың жылдам өзгермеуі жағдайларына бейімделу мен ауыл халқының тіршілік ортасын жақсарту және өмір сапасын арттыру негізінде қамтамасыз етіледі.

Қазіргі экономикалық жағдайда ұлттық азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселесі кешенді болып табылады және мемлекеттің тұрақты макроэкономикалық дамуымен, оның әлеуметтік бағытталған саясатын жүзеге асыру мүмкіндіктерімен, халықтың тіршілік деңгейін арттырумен және агроөнеркәсіптік өндірісте халықаралық еңбек бөлінісінің артықшылықтарын пайдаланумен тығыз байланысты.

Осыған орай Қазақстан үшін азық-түлік қауіпсіздігін нығайтудың негізі отандық агроөндірістік кешен мен оның базалық салаларының қызмет ету тиімділігін келесі шаралар негізінде арттыру болып табылады: әлемдік азық-түлік нарығының конъюнктурасынан тәуелсіз, мемлекет халқын отандық азық-түлікпен қамтамасыз етілуіне кепілдік бере алатын өзіндік агроөнеркәсіптік өндіріс потенциалын жұмылдыру; бәсекелі азық-түлік нарығын қалыптастыру, отандық ауыл шаруашылық тауар өндірушілерінің ауыл шаруашылық өнімі, шикізат пен азық-түліктерін әлемдік нарықтың жағымсыз конъюнктурасы мен бәсекелестігінен қорғайтын және тиімді дамуы үшін заңнама мен инфрақұрылымды құрастыру қажет; салааралық экономикалық қатынастарды оңтайландыру үшін ауыл шаруашылығы мен өнеркәсіп өнімдеріне ең алдымен ауыл шаруашылығында кеңейтілген өндіріс ырғағын ынталандыратын бағалар қатынасын қалыптастыру [4].

Ауыл шаруашылық тауар өндірушілерінің негізгі массасына несие алудың қолжетімділігін қамтамасыз ету, қысқа мерзімдік, орта мерзімдік және әсіресе ұзақ мерзімді несиеге жүйесін жетілдіру, агроөнеркәсіптік кешенде инвестициялық белсенділіктің өсуін және инвестицияларды тарту үшін салыстырмалы жағымды экономикалық жағдайлар қалыптастыру; барлық өндірістік айналым бойынша қолданылатын технологияларға бақылау жасау арқылы, ішкі нарыққа түсетін өнімнің сапасына, әсіресе импорттық өнімге кепілдік жүйесін қалыптастыру; аграрлық өндірістің технологиялық деңгейін арттыру арқылы және өнім өндіруде экологиялық таза және ресурс сақтайтын технологияларды енгізу арқылы азық-түлік ресурстарын тиімді пайдалануды арттыру маңызды болып табылады.

Ауыл шаруашылық өнімдерінің негізгі түрлері өндірісінің ірі ауқымды мамандан-

дырылған аймақтарын қалыптастыру мен дамыту, мемлекет ішінде ауыл шаруашылық өнімдері мен шикізатын тасымалдауға түрлі әкімшілік шектеулер мен кедергілерді жою маңызды рөл атқарады.

Қазіргі уақытта Қазақстан үшін азық-түлікпен қамтамасыз етудің негізгі шарты – бұл аграрлық өндіріске экономиканың басты саласына айналуына мүмкіндік беретін ауыл шаруашылығы мен тамақ өнеркәсібі салаларын белсенді дамыту болып табылады, нәтижесінде ол мемлекеттің азық-түлікпен өзіндік қамсыздандырылу деңгейінің өсуіне жәрдемдеседі.

Ауыл шаруашылығын мемлекеттік қолдау әлемдік қауымдастықтың көптеген мемлекеттеріне тән. Нақты жағдайларға байланысты оның мақсаттары да алуан түрлі болады.

Мысалы, тіршілік деңгейі мен пайдасы жоғары индустриалды экономикасы бар мемлекеттер осы арқылы нарықтық өзіндік реттеу талап етілетін нәтижелілігімен қамтамасыз ете алмайтын ұлттық азық-түлік тауарларының салыстырмалы тиімділігі мен бәсекеге қабілеттілігін нығайтуға, өндірісті техника-технологиялық жаңғыртудың қажетті динамикасын, ауыл шаруашылық алқаптарын тұрақты дамытуды нығайтуға ұмтылады.

Трансформациялық экономикасы бар мемлекеттер әлемдік нарықтың талаптарына бейімделу үшін, сонымен қатар халыққа азық-түліктің экономикалық қолжетімділігін қамтамасыз ету үшін өндірісті қайта құру және жедел жаңғырту міндеттерін алға қояды.

Қазақстан аграрлық шикізатты өндірушілердің әлемдегі 25 мемлекеттің құрамына кіреді және бидай нарығы мен басқа азық-түлік өнімдерінің нарығында негізгі «ойыншының» бірі болып табылады.

Қазіргі уақытта мемлекеттің агроөндірістік нарығының дамуы жалғыз ғана мемлекетпен кепілдендіріліп қоймайды, оған агроөндірістік кешеніндегі еңбектің халықаралық бөлінісінің қатыспай қоюы мүмкін емес. Ерекше маңызды интеграциялық құрылымдарға қатысу арқылы атқарылады.

Қазақстан үшін – бұл Кеден кеңесі мен Еуразия экономикалық кеңесі мемлекеттерінің интеграциялық кеңесіне қатысу және ең маңызды шарттар: азық-түлік келуінің сыртқы көздерінен тәуелсіз адамзаттың өмірін сақтауға қажетті халықтың аз қамтамасыз етілген бөлігін және барша халықты азық-түліктің негізгі түрлерімен қатысушы-мемлекеттер өндірісі есебінен

қамтамасыз ету; саны мен сапасы бойынша азық-түлік өнімдерінің физикалық және экономикалық тұрғыда жеткілікті болуын қадағалау болып табылады (3).

Мемлекеттік қолдау нарықтық тепе-теңдік пен саланың экологияландырылуына жетуге жәрдемдесетін өндірістің ынталандырылуы мен төмендетілуі үшін қолданылады.

Агроөндірістік сектордың дамуын реттейтін мемлекеттік қаржылық құралдарды кеңінен пайдалану, соңғы он жылдықта ауыл шаруашылығын несиелеудің әлемдік күн тәртібінде негізгі қарастырылатын тақырыптар – бұл күрделі шағымдар мен түсініспеушіліктер болуына әкеліп соқтырды [5]. Бұл да заңды құбылыс, себебі мемлекеттік қолдау ұлттық нарықты қорғаудың шарты болып қана қоймай, басқа мемлекеттер нарығында реципиенттердің бәсекелік көзқарастарының күшеюіне ықпалдасады. Еуразия экономикалық кеңесі мемлекеттерінің тәжірибесі көрсеткендей, экономикалық дамыған мемлекеттер, мысалы Еурокеңес, төлейтін экспорттық субсидиялар тауар өндірушілер мен экспортшыларға Еуропа экономикалық кеңесінде қабылданған тарифтік кедергілерден өтуге мүмкіндік береді. Мысалы Белоруссияда ауыл шаруашылық тауарлар бойынша орташа белгіленген тариф 12-14% құрайды (Еуразия экономикалық кеңесі мемлекеттерінің еркін сауда аймағына кірмейтін мемлекеттер импорты көлемі бойынша есептелген). Бұған қарамастан соңғы он жыл көлемінде Еуразиялық кеңес Белоруссия үшін сезімтал сүт өнімдерін жеткізушілерге экспорттық субсидиялар төлеп тұрды, олардың мөлшері 50 пайызға, жеке кезеңдерде нарықтағы бағадан одан да жоғары пайыздарға жетті. Есептеулермен бір уақытта егер де біздің мемлекетке кіргізілетін агроөндірістік тауарларға Еурокеңесте қолданылатын салықтарды пайдаланатын болса, онда орташа белгіленген тариф 60% жоғары құрайтын еді [6].

Алайда ауыл шаруашылық өндірісін мемлекеттік қолдау бойынша даудамайлар мен шағымдар Еуразия экономикалық кеңесі мен Кеден кеңесі төңірегінен шықпайды. Бұл мәселе мемлекеттік басқару органдары мен тауар өндірушілер кеңесінің даудамайларының негізгі тақырыбына айналды.

Оның талдаулары мен түйіндемелерінсіз, сөйкес көп жақты келісімдерде бекітілген ауыл шаруашылық субсидияларын берудің жалпы принциптері мен

ережелерінсіз, біз саудада түрлі шек-теулерді көретін едік.

Қазіргі уақытта бар және болашақтағы келіспеушіліктерді болдырмау мақсатында келесі қадамдарды жасау қажет:

1. Мемлекеттік қолдаудың бекітілген анықтамасын қабылдап және оның мөлшерін есептеудің ретін белгілеу.

2. Түрлері бойынша қолдау шараларын жіктеу: а – сауда-саттыққа бұрмалаушы әсерін тигізбейтін; ә – сауда-саттыққа бұрмалаушы әсерін тигізетін; б – экспорттық субсидиялар.

3. Мемлекеттер мен аймақтар бойынша ауыл шаруашылық өнімдері өндірісінің табиғи және экономикалық ерекшеліктеріне сәйкес ауыл шаруашылығын қолдау деңгейіне шектеулер бекіту.

Мемлекеттік қолдау дегеніміз төмендегі формалар бойынша сәйкес мемлекеттік орган немесе жергілікті басқару орган (субсидияландыратын орган) бұйрығы бойынша іс-әрекет ететін, мемлекеттік органмен, немесе жергілікті басқару органымен, делдал-ұйыммен қаржылық көмек беретін коммерциялық ұйым мен басқа экономикалық субъектілер:

а) ақшаны тікелей аудару.

Бұл жағдайдағы қолдау мөлшері тегін берілетін бөлінген және нақты алынған қаржы сомасына сәйкес келеді (мысалы, субсидиялау, өтемақы түрінде және т.б.), немесе егер де қаржы нарықта белгіленген жағдайлармен салыстырғанда қайтару негізінде қолайлы жағдайлармен берілетін болса, қолдау көлемі аталған қаржыны нарықта (банктік несиелеу, байланыс нарығы және т.б.) алу жағдайы сияқты сома мен нақты төленген сома арасындағы айырмашылық ретінде анықталады;

ә) міндеттерді орындау кепілдіктерін беру (мысалы, қарыздар бойынша кепілдіктер) міндеттерді толық немесе жартылай орындау.

Ұсынылғын міндеттерді орындау бойынша қолдау көрсету көлемі сақтандыру қызметі нарығына сәйкес міндетті орындамау тәуекелдігін сақтандыру бойынша тарифпен төлеуге қажетті сома мен грант беруші органға кепілдікті ұсыну үшін төлеуге қажетті сома арасындағы айырмашылық түрінде анықталады;

б) нарықтық бағасы бойынша жоғары ұйымның жарғылық қорындағы тауар, қызмет, құнды қағаздар мен кәсіпорынды (мүліктік кешенді) немесе оның бір бөлігін, басқа мүліктің ұйымның (сатып алынғын акцияларды қоса алғанда) жарғылық қо-

рындағы бір бөлігін, интеллектуалдық объектілер және т.б. үшін құқықты сатып алу.

Қолдау көрсету көлемі сәйкесінше сатып алынған объектілер үшін төленген сома мен аталған объектілер үшін нарықта қалыптасқан бағалар бойынша төлем арасындағы айырмашылық түрінде есептеледі;

в) оған тиісті пайдадан жартылай немесе толығымен бас тарту (мысалы, кәсіпорын мен кәсіпорын топтарына тән ерекше салықтық ерекшеліктер, қарызды өтеу, кедендік салықты төлеуден босатылу).

Алайда экономика саласы (біздің жағдайда бұл – ауыл шаруашылығы) мен белгілі бір тауарды өндірушілерге (мысалы, балалар үшін азық-түлік тағамдары), немесе осындай тауар мен қызметке қатысты салық салудың жалпы жүйесі бойынша салықтың мөлшері мен тізімін төлеу кезінде салықтық жүктеме аз болып табылатын салықтық тәртібіне мемлекеттік грант берілмейді;

г) тауар мен қызметтерді тегін немесе жеңілдікпен беру.

Қолдау көрсету көлемі тауар мен қызметті сатып алудың нақты төленген сомасы мен нарықтық бағасы арасындағы айырмашылық түрінде есептеледі.

ғ) бағалық қолдау көрсету.

Тұжырымдар. Бұл бөлім ерекше назарды талап етеді. Қазіргі уақытта біздің мемлекетте мемлекеттік қолдауды салыстыруда, әдетте агроөндірістік кешенді дамыту мақсатына бағытталған тек бюджеттік шығындармен ғана жұмыс істейді. Алайда мұндай қадам тауар өндірушілер үшін қаржылық аударымдар көлемі бойынша жалпы жағдайды сипаттап бере алмайды. Бұл қаржының бір бөлігі қайтармалы негізде бөлінетіндігі, сонымен қатар бір-ыңғай экономикалық кеңістік құрылмағанша ауыл шаруашылық өнімдері үшін болатын бағалық айырмашылықтар да назарға алынбайды.

Әдебиеттер тізімі

1 Молдашев А.Б., Никитина Г.А. Направления оптимизации взаимодействия Казахстана со странами ЕАЭС в области агропромышленной политики //Проблемы агрорынка.- 2017.- № 1.-С.7 - 15.

2 Харитонов А., Косинский П. Развитие сельского хозяйства в контексте продовольственной безопасности региона //АПК: экономика, управление.- 2017.- №3.-С. 59 -64.

3 Мизанбекова С.К., Богомоллова И.П., Печеная Л.Т. Ключевые проблемы продо-

вольственного обеспечения // Известия НАН РК. Серия аграрных наук. -2016.-№1.-С.134-142.

4 Джусибалиева А.К., Каскатаев Н.М., Нурмаганбетов К.К. Актуальные проблемы государственного регулирования продовольственной безопасности // Проблемы агрорынка. -2016.- № 3.-С.44 - 50.

5 Климова Н.В. Продовольственная безопасность – основа обеспечения экономической безопасности региона // Фундаментальные исследования. -2012.- №9.-Ч.1.-С.214-219.

6 Ревенко Л.С. Параметры и риски продовольственной безопасности // Международные процессы. - 2015.- Т.13.- № 2(41).- С.6-20.

7 Родина Т.Е. Продовольственная безопасность региона: проблемы и перспективы развития // Международный научно-исследовательский журнал. -2017.- № 2(56).- С.74-77.

Әдебиеттер тізімі

1 Moldashev A,B, Nikitina G.A. Napravlenija optimizacii vzaimodejstvija Kazahstana so stranami EAJeS v oblasti agropromyshlennoj politiki//Problemy agrorynka.-2017.-№1.-S.7- 15.

2 Haritonov A., Kosinskij P. Razvitie sel'skogo hozjajstva v kontekste prodovol'stvennoj bezopasnosti regiona //APK: jekonomika, upravlenie.- 2017.- №3.-S. 59 -64.

3 Mizanbekova S.K., Bogomolova I.P., Pechenaja L.T. Kljuhevye problemy prodovol'stvennogo obespechenija // Izvestija NAN RK. Serija agrarnyh nauk.-2016.-№ 1. -S. 134 -142.

4 Dzhusibalieva A.K., Kaskataev N.M., Nurmaganbetov K.K. Aktual'nye problemy gosudarstvennogo regulirovanija prodovol'stvennoj bezopasnosti //Problemy agrorynka.- 2016.- №3.-S.44 - 50.

5 Klimova N.V. Prodovol'stvennaja bezopasnost' – osnova obespechenija jekonomicheskoj bezopasnosti regiona //Fundamental'nye issledovanija.- 2012.-№9.-Ch.1.-S. 214-219.

6 Revenko L.S. Parametry i riski prodovol'stvennoj bezopasnosti // Mezhdunarodnye processy.- 2015.- Т.13.- № 2(41).- S.6-20.

7 Rodina T.E. Prodovol'stvennaja bezopasnost' regiona: problemy i perspektivy razvitija // Mezhdunarodnyj nauchno – issledovatel'skij zhurnal. -2017. – № 2(56).- S.74-77.



ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҰН ТАРТУ САЛАСЫНЫҢ ЭКСПОРТТЫҚ ӘЛЕУЕТІ
ЭКСПОРТНЫЙ ПОТЕНЦИАЛ МУКОМОЛЬНОЙ ОТРАСЛИ КАЗАХСТАНА
EXPORT POTENTIAL OF MILLING INDUSTRY OF KAZAKHSTAN

А.М. ДҮЙСЕБАЕВА

PhD докторанты
Нархоз Университеті

А.М. ДҮЙСЕБАЕВА

докторант PhD
Университет Нархоз

A. DUISEBAYEVA

PhD student
University of Narkhoz

Аңдатпа. Қазақстанның ұн тартатын өнеркәсібінің экспорттық әлеуеті, ұн тарту саласының өнімдерін экспорттау мәселелері: егіннің маусымдылығы, көлік қызметтері, вагондардың жетіспеушілігі, теміржол арқылы ұн өнімдерін тасымалдауға арналған ішкі тарифтердің жоғары құны, қазақстандық экспорттаушылардың сыртқы нарықтарда бәсекеге түсе алмайтындығын растайтын және экспорттаушылардың маржасы бойынша деректер бұл мәмілені барынша азайтатыны қарастырылған. Ұн нарығына қатысушылардың өзара қарым-қатынас маркетингі маңызды құралы болып табылады, өйткені сенімділік, интеграция, өзара қарым-қатынас, өзара әрекеттесу және уақтылы жеткізілу сияқты факторларды жоғары деңгейде сақталу керек. Ұн тарту өнеркәсібі сарапшыларының 10 жылғы сұхбаты жиналған, ал R бағдарламасында қайталама ақпараттың көмегімен өңдеу жүргізілген, сапаны талдау негізінде тоналды модель әзірленді, экспортқа жағымсыз әсер ететін факторлар анықталды, яғни ұн тарту саласының экспорттық әлеуетін дамыту үшін қолданыстағы кедергілерді жою, оларды жою бойынша ұсыныстар келтірілген.

Аннотация. Рассматриваются экспортный потенциал мукомольного производства Казахстана, проблемы экспорта продукции мукомольной отрасли: сезонность урожая, транспортные услуги, нехватка вагонов, высокая стоимость внутренних тарифов на перевозку мукомольной продукции железнодорожным транспортом, подтверждающая тот факт, что казахстанские экспортеры не могут конкурировать на внешних рынках, а данные о марже экспортеров минимизируют эту транзакцию. Отмечается, что маркетинг взаимоотношений участников рынка муки - важный инструмент, поскольку рассматривает такие факторы, как надежность, интеграция, взаимосвязь, сотрудничество и своевременная доставка, которые должны быть на высоком уровне. Собраны интервью экспертов мукомольной промышленности за 10-лет, с помощью вторичной информации произведена обработка в программе R, на основе анализа качества разработана тональная модель, идентифицирующая факторы, отрицательно влияющие на экспорт, т.е. существующие препятствия для развития экспортного потенциала мукомольной отрасли, даны рекомендации по их устранению.

Abstract. The export potential of the flour-milling industry of Kazakhstan, the export of mill products: seasonality of the harvest, transport services, shortage of wagons, high cost of domestic tariffs for transportation of flour-milling products by railway, which is confirming the fact that Kazakhstani exporters cannot compete on foreign markets, and data on the exporters margins are minimizing this transaction. It is noted that marketing of mutual relations of participants of the flour market - is an important tool, since such factors such as reliability, integration, interrelation, cooperation and timely delivery, which should be at a high level, are considered. The experts of milling industry were interviewed for 10 years, with the help of secondary information processing was carried out using program R, based on quality analysis, a tonal model identifying factors that had a negative effect on exports was developed, i.e. existing obstacles to the development of export potential of milling industry, and recommendations on their elimination.



Түйінді сөздер: Кілттік сөздер: тартылған ұн өнімі, экспорт, мемлекет, салықтар, логистика, өзара қатынас маркетингі, маркетингтік ақпараттық жүйе, кедендік тарифтер, көрсеткіштер.

Ключевые слова: мукомольная продукция, экспорт, государство, налоги, логистика, маркетинг взаимоотношений, маркетинговая информационная система, таможенные тарифы, индикатор.

Key words: flour-milling production, export, State, taxes, logistics, interaction marketing, marketing information system, customs tariffs, indicator.

Кіріспе. Ұн нарығындағы мемлекеттік реттеу, астық нарығын реттеумен тығыз байланысты. Нарықтың тепе-теңдікте және прогрессивті дамуына қол жеткізу үшін макро және микроэкономикалық реттеушілер қажет, сонымен қатар, нарықтың жекелеген сегменттеріне мемлекеттің ықпалы, үйлестіруші үдерісі ретінде қарастырылуы керек. Ол әр түрлі бағыттар бойынша түрлі әдістер қолданады. Астық пен ұнды өндіруші мен тұтынушы мүдделерін қолдау үшін, маркетингтік қарым-қатынас стратегиясын қолдану қажет. Ал ұн тарту кәсіпорындарын дамыту үшін мемлекеттік шара, өндірісті ынталандыру керек.

Бұл міндетті шешу үшін, ең басты шарт астықты өндіру үшін аймақтарды жоспарлау, бұл индикативтік жоспарлаудың маңызды нысаны. Осы болжамдарды жүзеге асыру үшін мемлекет тарапынан кешенді мақсатты бағдарламалар болуы тиіс. Бағдарламалар мақсатты, қаржылық және материалдық ресурстарды қамтуы тиіс, құқықтық және экономикалық әдістеріне негізделген болуы керек, тауарды өндіру заңына сәйкес болуы шарт, мұндай бағдарламаларға өндірушілердің қатысуы, ерікті және өзара тиімді болуы тиіс, нарықтық экономикаға қайшы келмеуі міндетті.

Сыртқы сауда-саттықты қалыптастыру мен экспорттық саясатты жүзеге асыру үшін ұн тарту саласында мемлекет рөлі ең маңызды болып табылады. Ол тауарлық экспорттық стратегия әзірледі, сонымен қатар, көліктік, кедендік, тарифтік, кадрлік және т.б. құрылымдарды жетілдіру үшін жұмыстар жасап жатыр [1].

Ұн тарту өнімдерін экспорттау барысындағы ең басты мәселелер, ол көліктік теміржол қызметтері тарифтерінің қымбаттығы, вагондардың жетіспеушілігі, егін жинау маусымдығы. Теміржол көлігімен ұн тарту өнімдерін тасымалдау барысындағы ішкі тарифтерінің қымбаттылығы, қазақстандық экспорттаушылардың сыртқы нарықта бәсекелес бола алмайтындығына әкеліп соқтырады, сонымен қатар, экспорттаушылардың осы транзакциядан алған

маржасы барынша азайтылған. Балтық теңізі порты терминалы арқылы астықты жөнелту мәселесі де бар.

Соңғы жылдары мемлекет бұл бағытта белсенді жұмыс істеп келеді. Атап айтқанда, Ақтаудың қазақстандық портынан Астраханға астықты тасымалдауға арналған паромдық өткел іске қосылды, сонымен қатар, Ақтауда арнайы астық терминалын салу жеделдетілуде.

Қазақстан Оңтүстік-Солтүстік халықаралық ірі трансконтиненталдық көлік жобасына қосылуға ниетті. Оның қатысушылары – Үндістан, Иран, Ресей. Бұл Үндістаннан Волга-Балтық жүйесінен Батыс Еуропаға дейінгі аралас теміржол-су жолы. Бұл бағыт Қытай мен Жапония, сондай-ақ Оңтүстік-Шығыс Азиядағы басқа елдермен сауда байланыстарын дамыту үшін жақсы мүмкіндіктер тудыратын Транссібір теміржолын кесіп өтеді.

Зерттеу материалдары мен әдістері.

Ең басты соңғы жылдар бойынша статистикалық мәліметтер мен 2017-2021 жылғы мемлекеттік бағдарламалар бойынша, сонымен бірге шетел мемлекеттерінің тәжірибесі туралы мәліметтерге де шолу жүргізілді. Шолу жұмысы қазіргі кездегі Қазақстандағы экспорттық әлеуеттің тежелуіне қандай факторлар әсер ететінін табу үшін әрекет жасалынды. Содан кейін зерттеу үшін мәліметтер мәтін түрінде барлық ақпараттық көздерден жинақталды, олар БАҚ көздері, интернет желілері мен газет, журналдардағы сұхбаттар болып табылды. Жиналған мәліметтер барынша сарапталып, тек шынайы зерттеуге жарайтын сұхбаттар іріктелді, іріктеу R бағдарламасы арқылы жасалынды.

Зерттеу барысындағы әдістеме негізін абстрактік-логикалық, есептік-конструктивті зерттеу әдістері құрады, сонымен қатар, интервью әдісі, салыстыру, жалпылау, синтез және талдау болып табылды. Зерттеудің дерек көзі ретінде екінші реттік ақпарат әдісін қолдана отырып, ұн тарту саласындағы сарапшылардың сұхбаттары жинақталды, сонымен қатар, R бағдарла-

масындағы сапалы мәтінді талдау барысында тональдік модель ұсынылды.

Нәтижелері және оларды талқылау.

Қазақстан кәсіпорындары ҰН өнімінің экспорттын, шетелдік компаниялармен ұзақ мерзімді келісімшарттар негізінде жүзеге асырады, осы келісімшарт бойынша, теміржол көлігімен тасымалдау және тауарларды тиеу шығындарын өтеу үшін, толық немесе ішінара алдынала төлем жасалынады.

Жаңа шетелдік тапсырыс берушілермен жасалған келісімшарт бойынша, олар Қазақстаннан ұнды жеткізу үшін алдын-ала төлем төлеуі тиіс. Әрбір үлкен деңгейлі кәсіпорында астық пен ҰН экспортымен байланысты барлық тәуекелдер қарастырылады, ал мемлекет экспорттық операцияларды сақтандыру, несиелеу және субсидиялау мәселелері бойынша тиімді көмек көрсетпейді [2].

Сонымен қатар, экспорт бойынша шетелдік нарықта, өнімнің бәсекеге қабілеттілігіне кері әсер ететін фактор ол кедендік баж. Астық пен ұнды өндірушілерді ынталандыру үшін, біздің ойымызша, мемлекет тарапынан кедендік баж салығы бойынша жеңілдіктер беру қажет.

Біз сондай-ақ ТМД елдерімен еркін экономикалық кеңістік құру және жалпы ҰН тарту кәсіпорындарын дамыту негізінде жаңа өзара тиімді экономикалық қатынастарды қалыптастыру қажет деп есептейміз.

Ұн нарығына қатысушылардың маркетингтік қарым-қатынастарының келісімшартқа байланысты болуы, яғни сенімділік, интеграция, уақытылы жеткізу сияқты факторлар жоғары деңгейде болу шарт [3].

Экспорттаушыларды мемлекеттен ынталандыру бағыттарының бірі – нөлдік ставка бойынша жұмыс істеу мүмкіндігі. Экспортқа шығарылған өнімге, отандық салықтардың 15% мөлшерінде қайтарылуы.

Астық пен ҰН экспортын тұрақтандыру және кеңейту үшін экспорттық лицензиялауды енгізу қажет.

Астықты экспорттауды лицензиялау:

- ішкі нарықта тапшылықты болдырмау, елдегі астық балансының негізінде келісімшарттарда экспорт көлемін реттеуге мүмкіндік береді;

- астықтың шығу тегіне дейін оның экспортқа шығуын бақылаудың кешенді жүйесін енгізу;

- астықты экспорттаудың бірыңғай баға саясатын жүргізу, бұл төмен бағамен экспорттауды тоқтатуға мүмкіндік береді.

Азық-түлік өнімдерін экспорттауда маркетингтік компонент қаржылық компо-

ненттен гөрі мемлекеттен аз шығынды талап етеді. Әлемдік тәжірибе бойынша, азық-түлік өнімдерін сыртқы нарықтарға экспорттау кезінде маркетингтік компонентін белсенді пайдаланады.

Маркетинг компоненті астық пен ұнды экспорттау үшін, ақпараттық және ұйымдастырушылық қолдау элементтерін анықтайды, олар:

- азық-түлік өнімдерін өндірушілер мен экспорттаушыларды ақпаратпен қамтамасыз ету, маркетинг және консалтингтік қолдау көрсету;

- отандық тауар өндірушілердің халықаралық деңгейдегі азық-түлік көрмелеріне қатысуына демеу болу;

- қызметті зерделеуге бағытталған іс-шараларды ынталандыру, қазақстандық астық және ҰН экспорттаушылары мүддесіне байланысты, сыртқы нарық конъюнктурасын зерттеу.

Қазақстанның астық нарығындағы негізгі оператор азық-түлік келісімшарт корпорациясы болып табылады, ол астық экспортының шамамен 50% құрайды. Сыртқы нарықта астықты ілгерілету үшін, азық-түлік келісімшарт корпорациясының әртүрлі мемлекеттерде өзінің өкілдіктері бар, ол жыл сайын халықаралық жәрмеңкелер өткізеді, мұнда тауарлық астық пен ұнға тапсырыс берудің тұрақты пакеті қалыптасады, сонымен қатар, шетелдік әріптестермен тұрақты және ұзақ мерзімді қарым-қатынас орнатылады.

Ұн тарту өнімдерін тұрақты экспорттаудың маңызды элементі – бұл нақты сұранысты ескере отырып, экспорттық қоржынын әртараптандыру және өнімнің құрамын кеңейту. Бұл өңдеудің жоғары деңгейімен өндірістің өсуін ынталандыруды талап етеді [4].

Экспорттың өсуі үшін көптеген елдер ішкі мәселелерге назар аударады, сондай-ақ ел ішінде қажетті инфрақұрылымын құру және құзыреттілікті қолдау, экспортты жылжытуға жағдай жасау болып табылады.

Мемлекеттің бәсекелестігіне және экспортқа шекара векторлары әсер етеді, олар экспорттық-импорттық шығындарды минимумге жеткізуге бағытталған. Бұл сұрақтар экспорттық саланың ортасын анықтап, экспорттық операциялар құнына елеулі үлес қосады. Олар инфрақұрылым сұрақтарын қамтиды (көлік және коммуникация), сонымен қатар, сыртқы сауда-саттық қызметті, әкімшілік-құқықты реттейді.

Сондықтан, Ұлттық экспорттық стратегия шеңберіндегі стратегиялық бастамалар, келесі жұмыстарға бағытталған, олар

өңдеу салаларына шетел инвестицияларын тарту, ноу-хау енгізу, халықаралық сауда-саттық нарығында қазақстандық бизнес пен экспорттау мүмкіндіктерін арттыру.

Тауар бағасының циклына байланысты, экономиканы әртараптандыру қажет және жоғары деңгейдегі өнімдерге назар аудару керек, олар Қазақстандық экспортты орташа және ұзақ мерзімді перспективада елеулі түрде арттыруға ықпал етеді.

2030 жылға қарай, дамушы елдер экспортының географиялық кеңеюі, жаңа технологиялық өзірлемелерге, сұраныстың өсуіне, сонымен қатар сервистің жетілуіне байланысты. Өлемдік үрдістерді ескере отырып, Қазақстан шикізаттық емес экспортты қызметтерді дамыту арқылы да сыртқы нарықта беделін арттыра алады (1 кесте).

1 кесте – 2016-2021 жж. Азық-түлік экспортының өсу мақсатты индикаторы, соның ішінде астық пен ұн

Мақсатты индикатор	Өлшем бірлігі	2015 нақты	2016 бағалану	2017	2018	2019	2020	2021
Азық-түлік өнімдері экспорт көлемінің өсуі	АҚШ млн. долл.	814	1 204	920	1 077	1 168	1 329	1 481
Тауар бойынша экспорт көлемі:								
Ұн		343,6	479,7	398,5	404	409,4	414,9	414,9
Астық		648,8	729,7	628,2	667	701,9	709,8	714,7
Ескерту: дереккөзі [5]								

Қазақстан Республикасының 2017-2021 жж. Агроөнеркәсіптік кешенінің дамуы бойынша мемлекеттік бағдарлама шеңберінде 65 түрлі субсидий қарастырылған. Нәтижесінде жыл сайын 25 млрд. теңге үнемделеді. Өзгертілген критерий ауыл шаруашылық өнімдерінің өндірісін, сол шеңбердегі бюджет бойынша, орташа есеппен 29%-ға арттыруға мүмкіндік береді.

Статистика мәліметіне сәйкес, 2016 жылы макарон өнімдерінің көлемі 145 мың тоннаны құрады, бұл былтырғы жылмен салыстырғанда шамамен бірдей көрсеткіште. Сонымен қатар, макарон өнімдерінің экспорты екі есе артып, 23,6 мың тоннаны құрады. Өндірістің жалпы көлеміндегі экспорт үлесі 16%-ды құрады. Қазақстандық макарон негізінен ТМД елдерінің нарығында сатылады, оның ішінде Ресей (47%), Түркменстан (19%), Грузия (14%), Қырғызстан және Тәжікстан (10%) [6].

Иранға жеткізілімдерді екі есе көбейту нәтижесінде, Ислам Республикалары қазақстандық бидайдың ірі сатып алушысы болды, ал Қытайға экспорт 9 есе өсті. Өлемдік астық өндірісінің өсуіне болжам жасау, Қазақстанға әсер етпейді, бұл отандық өнімдерге деген сұранысты арттырады. Қазақстан, Орталық Азиядағы ірі астық өндіруші, 2017-2018 жж. маркетингтік жылының болжамы бойынша, өткен маусыммен салыстырғанда 8,3 млн тоннадан 8,0 млн тоннаға дейін экспорт төмендейді. Ағымдағы маркетингтік жыл 2017 жылдың 1 шілдесінде басталды және 2018 жылдың 30

маусымында аяқталады. Қазақстанның астықты сатудың негізгі бағыттары – Орталық Азия мен Каспий көрші елдері [7].

Қазақстандық Ұлттық экспорттық стратегия бағдарламасы бойынша, экспорт әлеуетін дамыту бағыттары қарастырылған:

Бірінші – экспортшыларды қолдау үшін институционалдық негіздерді жақсарту. Экспортты жылжыту үшін «Қазақ экспорт» атты жоба, біркелкі терезе принципімен жұмыс істеу мәселесі қарастырылуда.

Шетел мемлекеттерінде біркелкі оператор өкілдігі туралы мәселе қарастырылып жатыр. Қазақстан Республикасының үкіметіндегі экспорт саясаты бойынша кеңестігі, ұлттық экспорттық саясаттың басты бағыттарын анықтайды, сонымен бірге мониторинг жүргізіп, жүзеге асыруға тырысып бағады. Сондай-ақ, сауда-саттық саясаты мәселелері бойынша халықаралық ведомствоаралық комиссияның функцияларын кеңейту және халықаралық экономикалық ұйымдарға қатысу жоспарлануда.

